

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті




ОРКЕН

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

№ 10 (958) 29 қараша 2019 жыл

Жас пен көрінің құлақ құрышын қандыраар әсем әндері, көңілге түрлі ой салар өлеңдері мен адамзатқа ұстаз болған қара сөздері арқылы бар қазақтың жүрегінен орын алған Абай атамызға арнап «Даналық дариясы – дана Абай» атты әдеби кеш өтті. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың университетшілік Абай клубы ұйымдастырған шарада ұлы ақынның әдеби мұрасы көңінен зерделенді.

Абайды тану – қазақты тану



Әдеби кеште алғашқы болып сөз тізгінін алған университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Түймеш Малбағарқызы қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абайдың теңіздей терең поэзия арқылы халқына қалдырған өсиетінен жас ұрпақтың алар тәлімі мол екендігін атап өтті. Ал университеттің жас ақындары Абайға арнаған өлең-жырларын оқып, тыңдарманға ерекше әсер қалдырды. Одан әрі қазақтың қара домбырасы шертіліп, күй күмбірледі. Студенттер қос ғашықтың көрінісін сомдап, кешті Абайдың отты жырларымен жалғастырды. Өлеңдерін мәнерлеп оқып, әуезді әндерін нақышына келтіре орындады. Мың бұралған биші қыздар кештің сәнін келтірсе, бала Абайдың, дана Абайдың айтқан даналық сөздері көрермендерді терең ойға батырды. Қонақтардың өз заманының озық туған ақыны Абайды қандай деңгейде білетіндігін анықтау үшін өмірі мен шығармашылығына қатысты мәнді сұрақтар қойылды. Көрермендер Абай өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқып, қойылған сұраққа жарыса жауап беріп, топ жарған қатысушылар ұлы ақынның кітабына ие болды.

Кеш соңында профессор, педагогика ғылымдарының докторы Абат Қыдыршаев сөз алып, студенттерді Абайды, оның мол мұрасын оқып, зерделеуге шақырды. Ал клуб жетекшісі, PhD доктор Айдарбек Ахметұлы әдеби кешті түйіндеп, қорытынды сөз сөйледі.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



*Увағамыне
преподавители,
сотрудники и студенты!*

*Поздравляю Вас с Днем Первого
Президента Республики Казахстан!
Несомненно, достижения нашей
Независимой Республики под руководством
Лидера нации Нурсултана Назарбаева
определили ее сегодняшние и будущие успехи.
Государственный праздник – День Первого
Президента является сегодня
свидетельством целостности и
нерушимости Республики Казахстан.
Пусть наш небесный стяг гордо
развивается символом мирного
созидательного развития, свободного духа
и дружественных взаимоотношений с
мировым сообществом! Желаю всем новых
успехов, крепкого здоровья и мирного неба!*

*Ректор ЗҚТУ им. М.Утемісова
Нурлан Серғалиев*

Елеулі жетістік

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай арнайы «Мен жастарға сенемін!» атты республикалық жастар форумы өтті.

2013 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан форумға биыл 1500-ден астам өтініш түсіп, ұйымдастырушылар алқасы 620-дан астам үздік жұмысты тандап алған. Осы форумда М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттері де биік тұғырдан көрініп, ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтар болсақ, филология факультетінің 2-курс студенттері Нұртілеу Қадырқұлов «Поэзия» жанры бойынша жеңімпаз атанып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 1 жыл тегін оқу грантын жеңіп алса, «Өркен» газетінің тілшісі Гүлбибі Бақытбаева «Эссе» жанры бойынша «Алматы ақшамы» газеті тағайындаған «Нұрлы ой» номинациясының иегері атанды. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыс, шалқар шабыт тілейміз!



Құттықтаймыз!

Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-Сұлтан қаласында «BILIM ORKENIETI» Ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен ұстаздар мерекесіне орай «Қазақстанның құрметті ұстазы» республикалық байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты – республикалық білім саласы педагогтарының арасында байланыс орнату және жаңашыл ұстаздардың инновациялық идеяларын кеңейту, үздіктерін анықтау. Осы байқауда М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры, п.ғ.д., «Рухани жаңғыру» институтының директоры, академик Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы мен Жаратылыстану-география факультетінің «Биология және экология» кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты Бимагамбетова Гүльнара Адилгереевна «Қазақстанның құрметті ұстазы» төсбелгісімен марапатталды. Өріптестерімізді лайықты да орнықты жеңісімен құттықтаймыз!



8 ноября ЗКГУ им. М.Утемисова посетил посол Королевства Нидерландов в Казахстане господин Андре Карстенс. В мероприятии приняли участие руководство, профессорско-преподавательский состав, студенты вуза специальностей «Международные отношения», «Регионоведение», «Юриспруденция». Цель встречи - знакомство студентов с представителем европейской дипломатической службы Андре Карстенс, ознакомление с историей становления, современным состоянием и перспективами развития партнерских отношений двух стран.

Развивая партнерские отношения

Посол выступил с лекцией «Казахстанско-нидерландские отношения: основные направления и перспективы» для студентов специальности «Международные отношения», «Регионоведение», «Юриспруденция». Он отметил, что позиция Казахстана и Королевства Нидерландов совпадает по многим проблемам глобальной безопасности и международного сотрудничества в нефтегазовом секторе, инфраструктуре, сельском хозяйстве, логистике и т.д. Гостю студенты задавали вопросы на самые разные темы – начиная от вопросов позиции и отношений мирового сообщества к Республике Казахстан до вопросов личного становления самого Андре Карстенс как личности и политика. Также был поднят вопрос о научном сотрудничестве государств, в частности, по исследованию тюльпанов, родиной которых, как выдвигается гипотеза, является Казахстан.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА



Жас ғалымдар конференциясы

20 қараша күні М.Өтемисов атындағы БҚМУ ҚР тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен «Ұлы даланың бесінші қыры – «Түркі әлемінің бесігі» атты жас ғалымдардың университетшілік ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Шарада Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы, э.ғ.к, доцент Г.И.Нестеренко мен ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі А.С.Байбулсинова сөз сөйлеп, конференцияның негізгі мақсаты мен міндеттері жайлы айтып өтті.

Одан әрі қатысушылар «Ақжайық ауданы Көнеккеткен аумағындағы тарихи орындар», «Батыс Қазақстан облысында «самбо» күресінің шығу және даму тарихы», «Бөкей Орда хандығындағы тарихи тұлға – Жәңгір хан», «Ғұмар Қараштың педагогикалық көзқарастары», «Батыс Қазақстандағы диаспоралардың әлеуметтік-мәдени дамуы», «Қазақстан әйелдерінің қоғам дамуындағы рөлі: тарихи талдау», «Орал өңірінің тарихи географиясы», «Орал қаласының туризм орталығы ретіндегі рөлі», «Жайық қалашығы: негізінің қалыптасуы және қалануы» сынды көптеген тақырыптарда өз баяндамаларын баяндады. Қатысушылардың баяндамалары тыңдалып біткен соң келген қонақтар мен студенттер өздерінің ой-пікірлерімен бөлісіп, ұсыныстарын айтты.

Азуза СУЙНШКАЛИЕВА



ТАНЫМДЫҚ КЕШ

Жуырда М.Өтемисов атындағы Тарих, экономика және құқық факультетінде «Г.А.Кушаев оқулары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Шараны ұйымдастырушылар – ҚР тарих кафедрасы және тарих мамандығының 4-курс студенті Сабина Аскарқызы. Модератор – ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Альфия Сабыргалиевна.

Дөңгелек үстелде алғаш болып тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Наурызғалиұлы сөз сөйледі. Ол «Основные достижения современной археологии Западного Казахстана» атты баяндамасында Орал қаласы маңынан табылған Жайық қалашығында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесін баян етті. Келесі болып тарих мамандығының 3-курс студенті Бекболат Нығметжанов «Ғалым, археолог Г.А.Кушаевтың ғылыми мұрасы» атты тақырыпта өз баяндамасын жұрт назарына ұсынды. Профессордың Батыс Қазақстан облысының ескерткіштерін зерттеуге қосқан үлесін атап көрсетіп, «Этюды Древней Истории степного приуралья» еңбегіне талдау жасады. Италияның Неаполь университетінің докторы Аннамария Феделе «Археологические достопримечательности Италии» баяндамасында

өзі археологиялық қазба жүргізіп тапқан Италиядағы тарихи орындар, әшекей – бұйымдар, құнды заттар туралы баяндап, суреттерін көрсетті. Европа мен Орта Азиядағы ежелгі тайпалар, олардың салт – дәстүрін, қару жарақтарын, археологиялық олжаларын салыстырды. А.Феделеде кейін өз баяндамасын археолог, БҚО тарих



МЕДИАЦИЯ КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ

Медиация – үшінші, бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүдделі емес тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеудің баламалы жаңа түрі. Медиация туралы заң бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Елімізде кәсіпкерлерге толмағандар мен егде жандарды есептемегенде әрбір екінші адам сотқа жеткізбей-ақ, медиацияның да көмегімен шешуге болатынын ескермейді.



М.Өтемисов атындағы БҚМУ тарих, экономика және құқық факультеті Құқықтық пәндер кафедрасында осындай екеуара дауды келісім арқылы шешуге болатын кабинет ашылды. Медиация кабинетінің ашылу лентасын БҚО сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ақан Маратұлы мен университеттің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры Әсет Сембайұлы қиды. Жиналғандар жұмыс барысына сәттілік тілеп, ұсыныстарын да енгізді. Ақан Маратұлы іс-шара соңында қатысушыларға алғысын айтып, медиацияның дамуына белсенді үлестерін қосуға шақырды.

В бескорыстном служении людям

В ЗКГУ им. М.Утемисова прошла презентация республиканской энциклопедии «Ұлы есім иелері, шексіз білім иегері», в которую вошли имена преподаватели нашего Альма-матер: заслуженная артистка РК Рахимова Жумаганым, доктор педагогических наук Кдиршаев Абат, декан факультета культуры и искусства Кажымова Карлыгаш, кавалер ордена «Құрмет» Нұрымбетов Еркін, педагог-хореограф Айткалиева Карлыгаш.

Мероприятие продолжилось концертной программой. Зрители имели возможность насладиться волшебным пением в исполнении Елшинбековой Рысты «Еңбек термесі», Бетимовой Мадина «Бұлбұл». Чингис Бозов вдохновил всех гостей праздника армией «Мизгиря». Зрители не уставали поддерживать исполнителей громкими аплодисментами. Безусловно, это радостное известие разделяет коллектив всего Западно-Казахстанского университета им. М.Утемисова, поскольку имя вуза зазвучало в культурно-исторических масштабах многих поколений нашей планеты и является проявлением огромного доверия.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

және археология орталығының ғылыми қызметкері Яна Амангелдіқызы оқыды. Яна Амангелдіқызы ежелгі сармат мәдениетінің Батыс Қазақстандағы қорымдарын зерттеу жайында өте құнды мәліметтер айтып, 2019 жылдың жаз айларында Жайық қалашығында жүргізілген қазба жұмыстарының қорытындыларын көрсетті. Өз кезегінде тарих магистры, ғылыми зерттеу орталығының ғылыми қызметкері Ерлан Ерсайнович «Археология каменного века ЗКО» атты баяндамасында БҚО-дағы тас ғасырына тиесілі тұрақ, табылған археологиялық заттай деректер, обалар, қорымдар туралы қызықты мәліметтер келтірді. Баяндаманы тарих мамандығының 2-курс студенті Алия Мәлікқызы аяқтап, өзі қатысқан 2019 жылғы қазба жұмыстарынан алған әсерімен, көрген-білгенімен бөлісті. Кеш соңында арнайы шақыртулы қонақ М.Өтемисов атындағы БҚМУ-дың ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры, б.ғ.к. Қажмұрат Мақсұтұлы сөз сөйлеп, ұсыныстарын айтты. Ал п.ғ.к., тәрбие жұмыстары және әлеуметтік сұрақтар бойынша проректор Түймеш Малбағарқызы отырысты түйіндеп, қорытынды сөз сөйледі.

Сабина КУАНДИХОВА, ИСТР – 41 тобының студенті

«Жас Өркен» - твоя уникальная возможность построить успешную карьеру

29 октября в ЗКГУ им. М.Утемисова состоялась встреча представителей АО «Самрук-Казына» с выпускниками 3 и 4 курсов. Цель мероприятия – презентация программы «Жас Өркен». В мероприятии приняла участие координатор проекта корпоративного университета «Самрук-Казына» Кинисова Дарина.



Программа «Жас Өркен» - инициатива Фонда по привлечению, обучению и развитию талантливых выпускников ВУЗов, действует с 2017 года. Она отметила, что программа включает четыре 5-месячных ротации в портфельных компаниях Фонда под наставничеством топ-менеджмента. Помимо обеспечения прохождения обучения и ротации в компаниях, победителям конкурса будет выплачиваться заработная плата, оплачиваться расходы за проезд на место ротации и проживание.

Целевой группой Программы являются все выпускники ВУЗов 2018, 2019 и 2020 годов, желающие стать профессионалами и начать свою карьеру в ведущих компаниях страны.

В ходе встречи выпускники задавали вопросы и получили исчерпывающие ответы. Активным студентам были вручены подарки.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

«Әбіш – Аңыз! Ақырғы аңыз»

Осындай атаумен Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ-да «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романына арналған университетшілік оқырман байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың басты мақсаты – студенттер арасында сөз зергері Әбіш Кекілбаевтың шығармашылық мұрасын насихаттау, ұлттық құндылықтарды, мемлекеттік тілді дәріптеу, таланттарды тану.



Қазақ әдебиетінің алтын қазығы, ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР еңбек ері, ақын, сыншы, прозаик, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдығына орай өткізілген байқау 3 кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде студенттер «Аңыздың ақыры» романына қатысты сұрақтарға жауап беріп, романды қаншалықты жетік білетіндігін көрсетті. Екінші кезең «Мен оқыған «Аңыздың ақыры» түйгенім, болжам, ұсыныс» деп аталып, қатысушылар аталмыш тақырыпқа эссе жазды. Ал соңғы бөлім «Аңыздың ақыры» романын жатқа, мәнерлеп оқуға арналды.

Байқауға төрелік еткен қазылар алқасының шешімімен тарих тамырын тереңінен қозғайтын романды жан-жақты талдаған Зафура Мамұтжұлделі I орынды иемденсе, Қазына Есетова мен Құралай Жылтықбаева II орынды өзара бөлісті. Сайыстың жүлделі III орыны Бағдат Оразхан, Назерке Сұлтанғали, Ақнұр Сембаевалардың еншісіне бұйырды. Байқауға белсенді қатысқан Гүлнұр Көшербаева, Жадыра Құлтай, Динара Сәрсенбаева, Зулфия Төлеу, Қазына Файзуллина сынды жастар алғыс хаттармен марапатталып, шара естелік суретке түсумен қорытындыланды.

Собкорр.

Өнер иесімен кездесу

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында 7 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Тарих, экономика және құқық факультетінің ұйымдастыруымен «Дала фольклоры – заманауи интерпретация» тақырыбында мәдениет, музыка жолына саналы ғұмырын арнаған ұстаз Қуандық Мәдірмен кездесу кеші өтті.

Шараға факультеттің профессор-оқытушылары мен студенттері қатысты. Аталмыш кештің мақсаты – Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасын қолдай отырып, қазақ халқының сан ғасырлар бойы келе жатқан музыкасын дәріптеп, өскелең ұрпаққа жеткізу. Музыканың тарихы мен қазіргі күйін толық түсіндіре отырып, жастардың ұлттық әндер мен аспаптар жөніндегі білімдерін дамыту.

Кездесу кеші Бибігүл Сигуатованың орындауындағы «Папури» күйімен ашылды. Одан әрі кештің басты қонағы Қуандық Мәдір жайлы бейнеролик көрсетілді. Онда өнер иесінің өмір жолы, атқарған қызметі, жетістіктері айтылды. Шара барысында студенттер тарапынан кеш қонағына «Өнер жолына келуіңіздің себебі неде?», «Шабьтты қайдан аласыз?», «Біз сізді мұғалім ретінде ғана білеміз. Ал сіздің біз білмейтін тағы басқа қандай қырларыңыз бар?», «Бұл мамандықты таңдауыңызға кім немесе не әсер етті?» деген сынды мамандығына, қызметіне, қоғамдағы мәселелерге қатысты көптеген сұрақтар қойылды. Қ.Мәдір студенттер қауымының барлық сұрақтарына толыққанды жауап беріп, тұщымды



ойларын айтты. Жастарға батасын беріп, ақ тілегін арнады. Көңіл-күйін смайлик арқылы көрсетіп, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Кешті Тарих, экономика және құқық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Майманова Нұршат Нұрқанқызы қорытындылады.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Ғылыми кеңесте

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 28 қазанындағы ғылыми кеңесінде 2019-2020 оқу жылына арналған университеттің жұмыс жоспары, 2019-2020 оқу жылына мемлекеттік аттестаттау комиссиясы төрағаларының кандидатурасы және магистранттардың диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыптары мен ғылыми жетекшілері бекітілді. Сонымен қатар, интернационалдандыру және халықаралық байланыстар орталығының жетекшісі В.С.Зубковтың БҚМУ-да көп тілділікті енгізу бағдарламасының орындалу нәтижесі туралы есебі тыңдалып, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 2017-2021 жылдарға арналған даму жоспарының 2019 жылына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар және 2020 жыл бөлігінің жобасы талданып, бекітілді.

Конкурс чтецов

К 125-летию поэта и писателя, основоположника современной казахской литературы, государственного деятеля Сакена Сейфуллина в ЗКГУ им. М.Утемисова состоялся конкурс выразительного чтения. Цель мероприятия - пропагандировать среди студентов творчество поэта Сакена Сейфуллина, человека, посвятившего всю свою жизнь во благо родного народа и оставившего после себя богатое поэтическое наследие, показать богатство и поэтику казахского языка, научить молодежь через Слово, поэзию уважительно относиться к родному языку, народу, родине и истории родной земли.

В 1-м туре участники наизусть читали произведения Сакена Сейфуллина, а во 2-м туре - свои стихи, посвященные поэту. Молодые акыны раскрыли тему во всех гранях. Столько прозвучало красивых слов, сложенных в стихи о Сакене. Раскрывая образ писателя и поэта в казахской литературе, участники смогли проявить свой поэтический талант.

По итогам конкурса обладателем 1-го места стала студентка филологического факультета Тыныштык Нуржауган. 2-место заняли Отеугалиев Асхат и Отепбергенова Ару. 3-место поделили Сембаева Акнур, Султанғалиева Назерке и Зинкенов Ансар. Победителям, а также активным участникам были вручены благодарственные письма и подарки.

Фотографируй сердцем

14 октября в ЗКГУ им. М.Утемисова на факультете Культуры и искусства в рамках Года Молодежи прошел конкурс фото-выставки «Autumn image». Организаторами являются студенты 2 курса факультета.



Цель конкурса - повышение кругозора студентов университета, выявление и творческая поддержка талантливых фотографов. Участники продемонстрировали свои работы в направлениях «Прекрасные здания университета», «Динамический город», «Красота природы».

По итогам конкурса обладательницей Гран-при стала Әміржан Айдана, 1 место заняла Бауыржан Гаухар, 2 место поделили Сауырбаева Назерке и Тілекқабылова Аида, 3-го места удостоились Мендіханов Заманбек, Кайыршахова Алтынай и Кобенов Канат. Мероприятие собрало немало талантливых студентов, желающих поделиться с другими красотой запечатленных моментов.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

Поэзия – властитель языка

У каждого народа есть свой гений, гордость нации, творения которого выражают душу этого народа, чаще всего это поэты. Именно их язык остаётся образцовым: у русского народа - это Пушкин, у англичан – Шекспир, а у казахов – это Абай, которому в этом году исполнилось 175 лет.

И в рамках празднования в этом году в Казахстане 175-летнего юбилея великого казахского поэта Абая Кунанбаева в стенах Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова было запланировано и проведено много прекрасных мероприятий, посвященных этой дате. Так, 15 ноября, на кафедре иностранных языков группой ИЯ-17 (куратор Кабасова К.А.) был проведен литературный вечер на трех языках «Өлең – сөздің патшасы», «Поэзия – властитель языка», посвященный творчеству Абая.

Вечер был насыщен разнообразием номеров: песня на слова Абая «Көзімнің қарасы» исполнила Мырзагали Аружан, Кадырали Жұлдыз исполнила күй «Адай» на домбре. Проницательные слова назидания Абая никого не оставили равнодушными, также прозвучали стихотворения великого поэта на английском, русском языках. Студенты хором исполнили песню «Желсіз түнде жарық ай». Нельзя не сказать о прекрасных ведущих: Ахмеден Дильназ, Бисенгали Шерхан и Баймухановой



Диане, которые прекрасно справились со своими ролями. В завершении мероприятия с заключительным словом выступила куратор группы Кабасова К.А.

Зрители - студенты и преподаватели филологического факультета - остались довольными, поблагодарив ребят за вечер. Бесспорно, что такого рода мероприятия благотворно действуют на воспитание подрастающего поколения и молодых людей.

Қараша айының 8-жұлдызында Тарих, экономика және құқық факультетінің Есеп және қаржы кафедрасының аға оқытушысы Э.Н.Баудиярова мен Есеп және аудит мамандығының 4-курс студенттерінің ұйымдастыруымен қазақ халқының Ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абай мұрасы – ұрпаққа ұлағат» атты танымдық сайыс өткізілді. Сайыстың негізгі мақсаты - Абай өмірі мен шығармашылығын студенттерге насихаттау және студенттердің әдеби сауаттылығын арттыру.

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НАСИХАТТАЛДЫ

Шараға Есеп және қаржы кафедрасынан «Жалын», Қазақстан Республикасының тарихы кафедрасынан «Телқара», Дүниежүзі тарихы және әлеуметтік пәндер кафедрасынан «Дана тұлғаның дара ұрпақтары», Экономика және менеджмент кафедрасынан құрылған «Хәкім» командалары қатысты. Қатысушылар Абай өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап беріп, Есеп және аудит мамандығының 3-курс студенті Г.Айболатова шараны бимен әрлесе, Тарих мамандығының 2-курс студенті Н.Бурамбай өз шығармашылығымен көрермендерді тәнті етті. Сайыс қорытындысы бойынша Дүниежүзі тарихы және әлеуметтік пәндер кафедрасынан құрылған «Дана тұлғаның дара ұрпақтары» командасы I орынды, Қазақстан Республикасының тарихы кафедрасынан құрылған «Телқара» командасы II орынды, Экономика және менеджмент кафедрасынан құрылған «Хәкім» командасы III орынды қанжығасына байлады. Ал Есеп және қаржы кафедрасынан құрылған «Жалын»



командасына «Алғыс хат» табысталып, командалар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Хадиша ҚОЙЛАНОВА,
Есеп және аудит мамандығының IV курс студенті

13 қараша күні М.Өтемисов атындағы БҚМУ Педагогика факультетінде Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай «Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» атты іс-шара оздырылды. Шара қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналды.

Өлмейтұғын артында сөз қалдырған

Шараның мақсаты - ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, ақынның даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттау; Көркем сөйлеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу. Шара сайыс түрінде өткізіліп, I.Таныстыру. II. «Ойлан тап» (Жасырын ұяшықтардағы сұрақтарға жауап беру). III. «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» (Абай Құнанбайұлының шығармаларын жатқа оқу). IV. Сахналық қойылым (Абай өмірі мен шығармашылығы, отбасы, ел басқаруынан үзінді көрсету) сынды бөлімдерден тұрды. Оған «Білгірлер», «Жалынды жастар», «Болашақ», «Талапкер» топтары қатысты. Студенттер әр кезеңде өз білімдерін, шығармашылық қабілеттерін көрсете білді. Нәтижесінде бас жүлдені БОПӨ мамандығының «Жалынды жастар» тобы иемденді. Ал МДОТ мамандығының студенттері «Өнерлі топ» номинациясымен, Педагогика және психология мамандығының студенттері «Шығармашыл топ» номинациясымен,



Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының студенттері «Тапқыр топ» номинациясымен марапатталды. Кеш соңында Абай әндері шырқалды.

Абай өмірі мен шығармашылығын жас ұрпаққа насихаттау, тіл мәдениетін көтеру, талапты, талантты жастарды табу мақсатында 29 қазан күні Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ-да ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы аясында «АБАІ quest» ойыны өтті.

Оған университетіміздің 6 факультетінің 6 студентінен құралған «Жас қыран», «Жібек», «Комета», «Білімгер», «Самғау», «Болашақ» командалары қатысып, бақ сынады.

Филология факультетінің ұйымдастыруымен өткен шарада сайыскерлер алдымен топтың атауы, ұранын таныстырып өтті. Келесі кезеңде қатысушылар Абайдың әндерін орындап сынға түсті. Үшінші бөлімде олар ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыса, төртінші кезеңде ағартушының өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап беріп, белсенділік танытты. Сондай-ақ, ойын барысында үміткерлерге Абайды зерттеу еңбектері бойынша да сұрақтар қойылып, жауаптары тыңдалды.

Ойынға қатысушылардың жұмысын бағалап, жеңімпаздарды анықтаған қазылар алқасының шешімімен Мәдениет және өнер факультетінің «Жібек» командасы жүлделі 1-орынды иемденсе, 2-орын Филология факультетінің «Самғау» командасына бұйырды. Ал Жаратылыстану-география факультетінің «Комета» командасы үздік үштікті түйіндеді. Ойын жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы дипломдар мен сыйлықтармен марапатталды. Шара соңында қатысушылар Абай ескерткішіне барып, естелік суретке түсті.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде жыл сайын дәстүрлі түрде «Абай шығармаларын жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудың әдістемелік жүйесі» тақырыбында облыстық оқу-әдістемелік семинар өтті.

Биыл VIII рет ұйымдастырылып отырған семинарға Филология факультеті қазақ филологиясы кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасына және Орал қалалық білім беру бөліміне қарасты мектептердің филолог-педагог ұстаздары, қазақ филологиясы кафедрасының магистранттары мен студенттері қатысты. Семинарды қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, философия докторы Ақболатов Айдарбек Ахметұлы ашып, жүргізіп отырды. Шарада университеттің оқу ісі және әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Тасмағамбетов Әсет Сембайұлы алғысөз сөйлеп, қатысушыларды хәкім Абайдың 175 жылдық мерейтойымен құттықтады. Ал педагогика ғылымдарының кандидаты, филология факультетінің деканы Мұханбетқалиев Әскен Самұратұлы аталмыш семинардың мақсат-міндеттерін түсіндіріп өтті. Одан әрі университеттің профессор-оқытушылары мен облысымыздағы маңдайалды мектептердің мұғалімдері «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, таңырқа...», «Абайтану мәселелері», «Абайтану» курсы тиімді өткізу жолдары», «Абай мұрасы – ұрпаққа ұлағат», «Абай рухани мұра – таусылмайтын қатынас қазынасы», «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында Абай шығармаларын оқытудағы өзекті мәселелер», «Қалың елін – қасқайып сүйген Абай, қарекетіне күйзеліп, күйген де Абай», «А.Құнанбайұлының қара сөздерін оқытудың жаңа әдістері», «Абай өлеңдерін оқытудың әдіс-тәсілдері», «Абай Құнанбаевтың қара сөздерінде көтерілген мәселелердің бүгінгі күннің үндестігін талдап жазыңыз» тақырыбында эссе жазу, «Абай Құнанбаев шығармаларын оқытудың өзектілігі», «Абай шығармаларын жаңартылған білім мазмұнында оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері» тақырыптарында баяндамаларын оқып, өз пікірлерін білдірді. Семинар соңында қатысушылар мен көрермендер тарапынан сұрақтар қойылып, баяндамалар талқыланды.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

БАНК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

15 - қараша Ұлттық валюта және қаржыгерлер күні. Осыған орай Есеп және қаржы кафедрасының аға оқытушылары, э.ғ.к. Н.Шамакова, э.ғ.м. Ш. Алтыбаева мен э.м. Э. Баудиярованың ұйымдастыруымен банк саласының қызметкерлерімен кездесу өткізілді.



Кездесуге «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» БҚОФ директоры Ипатова Аида Бакытжановна, аталмыш банктің сарапшысы Айсекенова Гульдана Жапаровна, «JYSAN BANK» АҚ директорының орынбасары Асель Бимаганбетова, «JYSAN BANK» АҚ бөлім басшысы Жанна Султанова, Есеп және қаржы кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы, есеп және аудит, қаржы мамандықтарының студенттері қатысты. Шарада банк қызметкерлері болашақ мамандарға қойылатын талаптар туралы айтып, банк өнімдері мен банктік қызмет көрсету туралы көптеген мәліметтер айтты. Кездесу барысында студенттер мен профессор-оқытушылар банк саласына байланысты сұрақтарын жолдап, қызметкерлер тарапынан ұтымды жауаптарын алды.

Кеш барысында есеп және қаржы кафедрасының доценті э.ғ.к., Бурахта Александр Николаевич валютаның өткені мен бүгінгі туралы қызықты мәліметтер келтірді. Кездесу соңында есеп және қаржы кафедрасының меңгерушісі э.ғ.к, доцент Б.Г.Искакова банк қызметкерлеріне алғысын білдірді.



14 қараша күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ Тарих, экономика және құқық факультеті Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен кәсіби бағдар жұмысы бойынша «Білім және инновация» тақырыбындағы мектеп оқушыларына арналған интеллектуалды семинар өткізілді.


Шараның мақсаты - мектеп оқушыларын университет тарихымен таныстырып, мамандықтар бойынша ақпарат беру. Семинар барысында оқушылар факультет тынысымен, археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерінен жасақталған көрмемен, мұражай жәдігерлерімен танысты. Факультетіміздің белсенді студенттері оқушылармен кездесіп, студенттік

өмірдің қызықты сәттерінен сыр шертіп, ашық әңгіме өткізді. ҚР тарихы кафедрасының оқытушыларының ұйымдастыруымен өткізілген интеллектуалдық ойынға қатысып, белсенділік танытқан оқушылар дипломдармен марапатталды. Семинар соңы факультеттің белсенді студенттері ұйымдастырған концерттік бағдарламамен аяқталды.

С Днем финансиста!

20 января 1998 года указом Президента РК был установлен День Национальной валюты – тенге, который отмечается 15 ноября и называется Днем национальной валюты. Этот день является профессиональным праздником работников финансовой системы Республики Казахстан. В мероприятиях, посвященных этому дню, принимают участие все, кто имеет отношение к экономической деятельности: банкиры, работники коммерческих структур, работники служб по налоговой, страховой, инвестиционной, таможенной деятельности, а также студенты экономического факультета.

15 ноября, под руководством преподавателей кафедры «Учет и финансы» Н.Г. Шамаковой, Э.Н. Баудияровой, Ш.А. Алтыбаевой при участии студентов 1-2-х курсов была проведена интеллектуальная программа «Мы – инвесторы будущего».



Проведение такого мероприятия уже стало традицией. Студенты продемонстрировали знания в области финансовых понятий и категорий, а также национальной валюты – тенге. Конкурс был захватывающим, так как в играх принимали участие не только сами организаторы игры, но и студенты-зрители: решались ребусы, приводились пословицы и поговорки, раскрывались факты о тенге, перечислялись валюты разных стран.

Кроме того, студенты показали свои творческие способности в танцах, песнях, демонстрации видеороликов. Хочется выразить огромную благодарность и признание следующим студентам за проведение интересного мероприятия и поздравить с профессиональным праздником: Иржановой Альмире, Сариеву Арсену (Ф-12), Ерешовой Айнура гр.М/у-22, Гумаровой Асель, Бобенко Никите (гр.УА/у-12), Сембаеву Махсату – гр.М-21, Толмачовой Любви, Закировой Неле – УА -12.

Желаем всем благополучия, финансовой устойчивости и стабильности, процветания всему народу Республики Казахстан.

«Кәсіпкерлік негіздері» курсы өтті

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Жастар жылының ашылу рәсімінде еліміздегі жас кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан берілген мүмкіндіктер мен көрсетіліп жатқан көмектің нәтижесінде ірі бастамалардың сәтті жүзеге асқандығын айтты. Қазіргі таңда жастарды кәсіпкерлік салаға баулуда жекелеген компаниялар, қоғамдық ұйымдар және жергілікті билік орындары да бар күш-жігерін жұмсап, еңбек етіп келеді. Атап айтсақ, Жастар жылы аясында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеттерінің студенттеріне «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен «Кәсіпкерлік негіздері» атты курсы өткен болатын.



Курс барысында кәсіпкерліктің қыр – сыры, бизнесті бастаудағы қиындықтардың алдын алу, ұжыммен қарым – қатынас, тағы да басқа көптеген қызықты сауалдарға жауап алып, оның мән – мағынасын түсіне алдық. Бізге кәсіпкерлік дағдыны игеруге мол мүмкіндік берген «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және аталған курс бойынша бар білгенін үйретіп, қызықты әрі пайдалы кеңестерімен бөлісіп, мотивациялық күш дарыта білген жетекшіміз Жалекенова Гулбарам Тлеккабыловнаға, сонымен қатар, басқа да мамандық студенттеріне жетекшілік еткен Нестеренко Галина Ивановнаға, Мухамбеткалиева Фарида Кабдығалиевнаға, Юрова Инна Олеговнаға, Ломоносов Илья Матвеевичке, Акмалиева Арайлым Жумагереевнаға, Усенко Мария Сергеевнаға, Искакова Балым Габбасовнаға, Примбетова Сауле Чукаевнаға, Тлесова Айгуль Бакитжановнаға, Чудровна Венера Утегеновнаға, Куспанова Айгерим Жалғасовнаға, Алтыбаевна Шынар Мендығалиевнаға, Егзалиева Асель Болаткалиевнаға және оқуға барлық жағдайымызды жасаған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті әкімшілігіне алғысымыз шексіз. Сіздердің қолдауларыңыз бізге үлкен мүмкіндік пен тәжірибе екендігі сөзсіз. Жастар сенімдеріңізді ақтайды!

Зарина НҰРЛАН,
Педагогика және психология мамандығының
4-курс студенті

Для студентов ЗКГУ вполне привычно встречаться или обучаться у иностранных преподавателей, так как университет ежегодно приглашает профессоров с зарубежья для обмена опытом, практикой и методами обучения. И эта статья о молодом преподавателе из Италии – Элене Сэкондэ. Приехала она к нам с итальянского городка Санремо, окончив магистратуру в Болонском университете. Уровень бакалавриата она получила в Венеции. Преподаватель – молодая девушка, полная энтузиазма и желания работать. Имела опыт работы у себя на родине в школе в качестве культурно-лингвистического посредника, а именно была учителем английского языка старших классов в группе украинских детей. Почему именно украинских? Потому, что наша гостья уже знает русский язык. Будучи в университете студенткой специальности «иностранный язык: два иностранных языка», она выбрала английский и русский языки.

Молодой преподаватель из Италии - в ЗКГУ

- Почему вы выбрали именно русский язык?

- Я просто решила познакомиться с новой культурой и языком, хотела открыть новую дверь в мир, ключем которого будет русский язык. О России не знала практически ничего, кроме того, что учили в школе об СССР. И, скорее всего, основываясь на истории, я выбрала именно этот язык.

- Есть ли у вас любимое литературное произведение русских писателей или поэтов?

- Русская литература несколько сложна, настолько красива. Например, язык Пушкина или Достоевского мне дается тяжело. Но в то же время некоторые стихи Есенина я знаю наизусть, а «Собачье сердце» Булгакова – мое любимое произведение.

- В каких городах России вы побывали?

- Я была в Санкт-Петербурге по программе двойного диплома уровня магистратура. То есть, первый диплом я получила в университете Венеции, второй – в Петербурге. Это мой любимый город: невероятная архитектура, люди и даже сама атмосфера – завораживают. Также посетила Астрахань. Тоже очень красивый город. И меня удивило то, что там казахов намного больше, чем русских. Я с ними подружилась, с некоторыми по сей день общаемся, все очень приветливые и хорошие люди. В Астрахани я узнала немного о казахской культуре и попробовала национальную еду: бауырсаки, бешбармак, коже и т.д. После этого мне и Казахстан стал очень интересен. Это мой третий визит в вашу страну. Я уже побывала в Караганде и Астане. Потом, после окончания магистратуры, приехала в Уральск на собеседование в ваш университет, чему я очень рада.

- Не тяжело ли на долгое время оставаться в чужой стране, вдали от дома?

- Тяжело, но я понимаю, что должна строить свою жизнь, так как не всегда мы будем жить с нашими



родителями. Надо подниматься самим. По своей Родине, конечно же, скучаю. Особенно по ее атмосфере и погоде. Но, как и многие, я люблю путешествовать. И, больше всего, мне нравится оставаться в одной стране надолго: изучать язык и культуру и, таким образом, духовно развиваться.

- Мы заметили, что вы любите путешествия. Какие страны вы посетили, и ваша самая незабываемая поездка?

- В частности, я побывала во многих странах Европы, таких как Франция, Англия, Испания, Португалия, Мальта, Германия, Австрия, Хорватия и т.д. А самой незабываемой была поездка в Африку. Мой отец – врач, и он часто ездит в Африку со своей небольшой организацией добровольной помощи бедным людям, в основном это дети-сироты. Когда я была магистранткой в Петербурге, университет предложил мне поехать туда в качестве волонтера. И я с удовольствием приняла это предложение.

Видеть, как люди живут в бедности, без воды и электричества, но в то же время выглядят счастливыми – есть великий пример благодарности. И поэтому, по



словам Элены, Африка имеет большое влияние на ее нынешнее мировоззрение.

Ну и, естественно, субъекты учебной деятельности – студенты... Что же госпожа Сэкондэ думает о наших студентах, какие у них сформировались отношения в образовательном обиходе.

- Наши студенты очень хорошие. Я ими довольна. У нас слаженное взаимодействие. Приятно замечать их старания в преодолении языкового барьера. Иногда они пытаются говорить со мной на русском и казахском. Казахский язык я еще не освоила, но в ближайшем будущем надеюсь выучить его.

Как свидетель мероприятия ко Дню учителя, она была удивлена масштабом празднования этого события в ЗКГУ, и ей было столь приятно получать поздравления от студентов, что она теперь в предвкушении нашего национального праздника Наурыз. Это, что касается нашего учебного заведения. А что касается страны, то ей в Казахстане больше всего понравилось то, как множество разных национальностей живут в согласии под одним небом и называют себя гордо «казахстанцами».

Мисс Сэкондэ проведет этот учебный год в ЗКГУ и мы надеемся, что это будет одной из ее лучших поездок в нашу страну, а оставшееся в памяти хорошее впечатление, взаимное трепетное отношение, опыт и бесконечное стремление к знаниям будут для нее олицетворением Уральска и образом нашего альма-матер.

Сая ДУЙСЕНБАЙ

ЗКГУ без границ



Одной из форм интернационализации высшего образования является академическая мобильность преподавательского состава. Ежегодно в ЗКГУ им. М.Утемисова приглашаются иностранные преподаватели для чтения лекций на английском языке. Благодаря данной практике, студенты не только совершенствуют опыт общения на иностранном языке, но и получают актуальные знания из зарубежной практики.

С 14 октября по 8 ноября 2019 г. Phd доктор, профессор Университета Неаполя L'Orientale Аннамария Феделе была приглашена для чтения лекций студентам и магистрантам факультета истории, экономики и права ЗКГУ. Во время учебного процесса профессор читала лекции «Уроки средневековой и центральноазиатской археологии», «Археологические достопримечательности Италии» и провела мастер-класс для молодых преподавателей по написанию статей и выпуску учебников по своей специальности. По завершении обучения студентам были вручены сертификаты о прослушивании курса. Для наших студентов это стало еще одной ступенькой в повышении знаний и квалификации – большим творческим подъемом и профессиональным ростом.

Профессор положительно отозвалась о лингвистическом уровне слушателей-студентов. Она отметила, что наряду с казахским и русским языком, студенты на хорошем уровне владеют английским. В этом контексте она подчеркнула, что её лекции встретили живой отклик и понимание процессов, которые она обобщала на английском языке.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

СОВМЕСТНЫЕ ОТКРЫТИЯ УЧЕНЫХ

В рамках программы академической мобильности в ЗКГУ им.М.Утемисова на кафедру «Биология и экология» приглашен профессор, доктор биологических наук Университета Казимира Великого Славомир Качмарек. Профессор является деканом биологического факультета, курирует работу кафедры эволюционной биологии Университета Казимира Великого в городе Быдгощ (Польша). Целью визита является совместное с учеными ЗКГУ исследование почвенных клещей на территории ЗКО, так как биология почв является неизученной отраслью в ЗКО. Славомиром Качмарек в июне 2019 года на территории ЗКО были найдены новые виды почвенных клещей, до сих пор неизвестных мировой науке.

В данный момент ученый из Польши читает лекции для студентов ЗКГУ специальности «Биология» и «Экология» по почвоведению, а также проводит мастер-классы для преподавателей вуза. Активное участие профессора с учеными университета в экспедициях с целью изучения почвы, почвенной биоты, грибов, растительного и животного мира пойменных экосистем Западного Казахстана позволяет обмениваться опытом проведения научного исследования.

Предлагаем нашим читателям интервью с гостем – профессором из Университета Казимира Великого (Польша) Славомиром Качмарек.

- С.К., пожалуйста, расскажите немного о себе и о своей деятельности.

- Я родился в городе Познань, где проживает полмиллиона жителей. После окончания средней школы, я поступил на биологический факультет. Защитил магистерскую работу по исследованию одного из изоподов Балканского моря. После училища начал работать в лаборатории научной академии. Затем успешно защитил докторскую работу. Я занимаюсь много лет почвенными, хищными клещами.

- Вы уже бывали в Казахстане или это ваш первый визит?

В Казахстане я 4-й раз. Первый визит в Уральск был в 2012 году, когда я, будучи проректором по науке



и международным связям, подписал договор об обмене студентов и научных сотрудников университета Казимира Великого и ЗКГУ им. М.Утемисова.

-Отличаются ли наши студенты от студентов вашей страны?

Не отличаются. Они интересуются наукой, всегда задают интересные вопросы. Студенты в Казахстане хорошо говорят на английском. Когда ваши студенты по академической мобильности приезжают учиться к нам, они легко находят общий язык с преподавателями



и студентами.

- Большое спасибо, господин Славомир. Несмотря на большую занятость, Вы уделили внимание нашей студенческой газете «Оркен».

... Профессор ведет занятия ярко и выразительно. Ребята особо отмечают творческий подход, исследовательский и развивающий характер проведенных курсов.

Меренова Аяулым, студентка группы Б-англ-3: Нам очень нравятся лекции профессора, они насыщенные, познавательные. Мы узнали много интересного по почвоведению. Доброжелательность и коммуникабельность ученого дают нам возможность раскрыть научные способности и глубже вникнуть в темы своих исследований.

Славомир Качмарек отметил, что при должном стремлении и хорошего знания языка, у студентов ЗКГУ есть все шансы обучаться в университете Казимира Великого.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

Қараша айының 12-ші жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне ресми түрде шақырылған профессор, Польшаның Быдгощ қаласындағы Ұлы Казимир университетінің (UKW) Эволюциялық биология кафедрасының оқытушысы (Department Evolutionary Biology, Kazimierz Wielki University in Bydgoszcz), Биология ғылымдарының профессоры, PhD Slawomir Kaczmarek жаратылыстану-география факультетінің «Ағылшын тіліндегі Биология» мамандығының 2 және 3-курс студенттерімен кездесу өткізді. Бұл кездесуде профессор S.Kaczmarek студенттерге өзінің ғылыми зерттеу бағытындағы – топырақ биологиясы, ондағы микроскопиялық жәндіктер- топырақ кенелері туралы дәріс оқыды.



Шетелдік

профессор дәріс оқыды

Профессордың дәрісі буақденелілер (Arthropoda) тақырыбына арналды. Сонымен қатар, профессор S.Kaczmarek өзінің экспедициясы ғылыми-зерттеу барысында әлемнің түкпір-түкпірінде жүргізген ғылыми бағыттағы саяхаттары туралы да айтып өтті. Ғалымның экспедициялары Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Африка елдері, Мадагаскар аралы, Үндістан, Қытай, Ресейдің қиыр шығыс бөліктері (Камчатка), Солтүстік Корея сынды елдердің аумақтарын қамтыған.

Университетімізге S.Kaczmarek тәрізді ғалымдардың келуі студенттердің ағылшын тіліндегі ғылыми дәріс, практикалық сабақтар, бірлескен ғылыми-зерттеу кешендері тәрізді оқу-әдістемелік жұмыстарды игеруіне, Биология ғылымына, оның ішінде «Омыртқасыздар зоологиясы» тәрізді қиын да қызықты ғылым салаларына деген қызығушылықтарын арттыра түсті.

А.У.УТАУБАЕВА,
б.ғ.к., доцент

При современных требованиях в сфере трудоустройства владение английским языком – одно из ключевых. Молодежь охотно идет учиться и работать за рубежом, таким образом набираясь опыта и расширяя свой кругозор. ЗКГУ им. М.Утемисова в этом плане также поддерживает своих студентов. Поэтому с февраля 2019 года начались курсы по подготовке к сдаче IELTS, которые ведутся преподавателями из Филиппин – Джоселин Саджугла, Терроза Рохелио и Нил-Райан Ильдефонсо. С февраля месяца прошло много времени и, скорее всего, произошло много изменений. Об этом нам рассказал Господин Ильдефонсо.

Подготовка к IELTS

- Да, изменения есть. Мы замечаем, как студенты улучшают свои знания английского языка, набираются уверенности в себе, формулируя разные предложения. В июне некоторые уже сдавали тест по IELTS. Результаты, в целом, неплохие. Но нам есть куда стремиться. Сейчас мы работаем по основным аспектам языка, таким как чтение, произношение, пополнение лексики и т.п. Например, правильное произношение – одна из важных составляющих любого языка, поэтому особый фокус идет именно в этот пункт. То есть, мы постоянно корректируем неправильно произнесенные слова, таким образом студенты их запоминают. Я русским языком не владею,

поэтому в лексической части работы значение новых слов объясняю рисуя, жестикулируя, при помощи ассоциации или по контексту.

Сколько студентов обучаются:
- Сейчас у нас 6 групп, в каждой из которых по 10-15 студентов. Есть группа и учителей, и студентов. Занятия длятся для них по разному. Студентам – 50 минут, преподавателям - 100 минут.

Также Нил Ильдефонсо отметил, что в этом месяце студентов будут переводить с уровня Elementary на

уровень Pre-Intermediate: «И наша главная цель на текущий месяц – быть готовым к новому уровню работы», - подчеркнул преподаватель.

Сая ДУЙСЕНБАЙ



Еленген еңбек

Нұр-Сұлтан қаласында Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын кеңінен насихаттау мақсатында «Ғылым және білім – 2019» республикалық конференциясы өткен болатын. Мұғалімдердің беделі мен мәртебесін арттыру мақсатында өткізілген республикалық байқаудың жеңімпаздарының қатарында М.Өтемісов атындағы БҚМУ ҚР тарихы кафедрасының оқытушысы Гарифуллина Амина Байғалиевна да бар.

А.Гарифуллина осы байқауда «Қазақстанның құрметті ұстазы» және «Үздік педагог-2019» аталымдары бойынша төс белгіге, сонымен қатар I дәрежелі дипломға ие болып, автобиографиясы республикалық кітап жинағына енді. Өріптесімізді бұл жетістігімен шын жүректен құттықтаймыз!



Qazaqsha diktant

М.С.Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университетінде 17 қазан күні республикалық жаппай «Qazaqsha diktant» ұйымдастырылған болатын. Бұл диктантқа Нұр-Сұлтан қаласына «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында ЖОО профессор-оқытушылар құрамының кәсіби құзыреттілігін арттыру» атты біліктілікті арттыру курсына кеткен М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың оқытушылары да қатысты.



Диктантқа қатысушылардың жалпы саны - 120-дан аса. Шараның ерекшелігі - Жастар жылына арналған мәтін қазақ тілінде оқылып, латын графикасы негізінде жазылды. Диктант нәтижелері бойынша жеңімпаздар анықталып, дипломмен марапатталды. М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушылары аталмыш диктантта жүлделі үш орынды да иемденді. Атап айтсақ, Филология факультетінің аға оқытушысы, магистр Еркеғалиева Гүлнәфис Әлібекқызы жүлделі 1-орынды иемденсе, Физика-математика факультетінің оқытушысы Ерманова Мөлдір Қазықызы 2-орынға, Тарих, экономика және құқық факультетінің аға оқытушысы, магистр Мырзабаева Бақытгүл Мырзахметовна 3-орынға табан тіреді. Өріптестерімізді жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз!

«Жасыл ел» – жастар тірегі

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен 2001 жылы М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да «Студенттік құрылыс» және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары өз жұмысын бастаған болатын.

Бағдарламаның негізгі мақсаты - студенттердің материалдық және әлеуметтік мәселелерін шешу және жастарды еңбекпен қамту. Бүгінгі күнге дейін университет студенттері әртүрлі номинацияларды иеленіп, үздіктер қатарынан көрінуде. Қазіргі таңда А.Валиева жетекшілік ететін жасақ биылғы жылы да үздік нәтиже көрсетіп, «UZDIK JASAQ» аталымын иемденді. Жастарды жетістігімен шын жүректен құттықтаймыз!



Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда

1-4 қараша күндері Ақтөбе қаласында Ақтөбе облысының мәдениет және құжаттама басқармасының қолдауымен «Әлем ТалантStars» III Халықаралық шығармашылық байқау-фестивалі өткен болатын.

Осы байқауда жас ерекшеліктеріне қарай «Музыкалық аспаптар «Баян» номинациясы бойынша: Мансур Мурзагереев бас жүлде:

Гульжан Шакенова I орын;
Нуртай Беймбетов I орын;
«Мондэлиарт» дуэті I орын;

«Дәстүрлі өн» номинациясы бойынша:

Рысты Елшинбекова III орын жеңімпазы атанды.

Сондай-ақ, жас жеткіншектерді шығармашылық деңгейде дамытудағы жоғары кәсіби іскерлігі мен өз ісіне адалдығы үшін Шукеев Арман Лукпанович «Үздік ұстаз» атанса, Мухамбетжанова Айжан Абухановна Алғыс хатпен марапатталды.

Жеңімпаздар мен марапат иелерін құттықтай отырып, шығармашылық еңбектеріне табыс тілейміз!



Төрежелді!

ҚР еңбек сіңірген артисі, күйші Оқап Қабиғожиннің туғанына 115 жыл толуына орай Жаңақала ауданында «Күй – құдірет, күй – кие!» облыстық домбырашылар байқауында М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенті Демеу Дияр Серікұлы жүлделі III орынды қанжығасына байлады. Құттықтаймыз!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің ұйымдастыруымен үш тілді жетік меңгерген дарынды жастарға қолдау көрсету, патриотизмді нығайту, тілдік мәдениетті дамыту, құрметтеуді қалыптастыру мақсатында Шымкент қаласында өткен «Тілдарын - 2019» республикалық олимпиадасында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 2-курс студенті Хасан Аружанды жүлделі 3-орынға ие болуымен шын жүректен құттықтаймыз. Аружанның білім бәйгелерінің биік шыңын бағындыра беруіне тілектеспіз!

«Бақытты елдің ұрпағы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен республикалық «Дала сазы» байқауында «Бейнелеу және қолөнер» номинациясы бойынша жоғары деңгейде өнер көрсеткен М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың студенті Гульназ Жусупова жүлделі I орынды иемденді. Құттықтаймыз!

Биылғы «Жастар жылы» аясында студент жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, достық байланысты орнату мақсатында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталығының қолдауымен «Жас экономист» жастар қоғамдық бірлестігі дүниежүзілік ЖҚТБ-ға қарсы күніне орай жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері арасында волейболдан турнир өткізілді. Турнир өте тартысты, қызықты өтті. Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі I орынды БҚИТУ құрамасы, II орынды Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрамасы, III орынды М.Өтемісов атындағы БҚМУ құрама командасы иеленді. Жарысқа белсене қатысып, айрықша көзге түскен М.Өтемісов атындағы БҚМУ құрама командасының мүшесі Антон Савинов - «Үздік ойыншы», БҚИТУ құрама командасының мүшесі Алмас Шналиев - «Үздік шабуылшы», Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрама командасының мүшесі Альфия Сериккалиева - «Үздік байланыстырушы» атанып, диплом мен бағалы естелік сыйлықтармен марапатталды. Жарыс жеңімпаздары мен үздік ойыншыларды құттықтаймыз!

12 қараша күні Орал қаласының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі «Жастар мәдениет үйі», «Ауған соғысының мүгедектері және ардагерлерінің Батыс Қазақстан облыстық қоғамы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ауған асуында от кешкендер» атты патриоттық өндер байқауы өтті. Байқау нәтижесінде, М.Өтемісов атындағы БҚМУ Мәдениет және өнер факультетінің студенттері Асқарова Әсел Асқарқызы 2-орын, Мұханбетов Мағжан Мұратқалиұлы 3-орын және Жанұзақов Ернәз Оразұлы Алғыс хатпен марапатталды. Құттықтаймыз!

14 қараша күні Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы және Жастар жылы аясында «Жауһар жыры» жүрегіне тербеген» атты қалалық Фариза оқулары өтті. Қазақтың біртуар қызы, ақын Фариза Оңғарсынованың поэзиясын оқуды насихаттау, ақын жырлары арқылы отансүйгіштік рухты ояту, туған елімізді, жерімізді сүйуге, құрметтеуге, оның дәстүрлері мен мәдениетін қастерлеуге шақыру мақсатында өткен шарада М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттері Зафура Мамут жүлделі I орынды еншілесе, Аружан Махамбетова II орын иегері атанды. Құттықтаймыз!





Жүйріктер сыңға түсті

15 қараша күні облысымызда Жастар жылына орай «Жаңа Толқын-2019» облыстық шығармашылық фестивалі өтті. Кіл мықтылар мен жүйріктер сайысқан додада университет қабырғасына жаңадан қадам басқан 1-курс студенттері бақ сынады. Бұл фестиваль жыл сайын Батыс Қазақстан облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен жоғары оқу орындарының үздіктерін тану мақсатында өткізілуде.



Биыл да өз жалғасын тапқан өнер додасында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-технологиялық университеті және Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті сыңға түсті. «Үздік би», «Үздік ән», «Үздік музыкалық аспап», «Үздік жайдарман», «Үздік бейнеролик», «Үздік жүргізуші» сынды аталымдар бойынша дайындалып келген жастар жоғары дәрежеде өнер көрсете білді. Сайысқа төрелік еткен әділқазылардың шешімі бойынша 1-орынды Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, 2-орынды Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 3-орынды Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті иеленді. Ерекше дайындықпен келген университеттердің өнерлері көпшіліктің көңілінен шығып, зор қошеметке ие болды.

Нұрайлым ҚҰБАЕВА,
Филология факультетінің 1-курс студенті

Аталмыш қойылымда комендант ролін – Биболат Ғайнолла, №4 күзетшіні – Динара Хамидуллина, Шәңгелді – Нұрболат Бимағамбетов, Фараонды – Ержан Абуов, жылауық қызды – Айнұр Ерболатова, Үлекті – Бибарыс Ұзақбаев, Күлше қызды – Айкөркем Асқарова, Жанарды – Анар Жолдығалиева, сантехникті – Мирас Нығмет, еден жушыны – Айкөркем Тулеуғалиева сомдады. Студенттік өмірдің төтті шағын,

«ЖАТАҚХАНА» КОМЕДИЯСЫ САХНАЛАНДЫ

7 қараша күні Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Хореография және мәдени-тынығу жұмысы кафедрасы жанынан құрылған «Мұрагер» студенттік театры драматург Сая Қасымбектің «Жатақхана» комедиясын сахналады. Қойылым жетекшісі – И.И.Искакова, режиссері – А.Б.Елекенова.

оның ішінде жатақхана өмірін айқын көрсеткен қойылым көпшіліктің көңілінен шығып, жас өнерпаздар көрермендердің қошеметіне бөленді. Спектакль соңында университетіміздің Жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі Елдос Айдарбекұлы сөз алып, алдағы уақытта да қызықты қойылымдармен көрермендерді қуанта беріңіздер деген ақжарма тілегін білдірді.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



Ұстаздық - ұлық емес ұлы қызмет



Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Нағыз ұстаз болу – бақыт, әрі абырой. Шындығында, ұстаз болу оңай болып көрінгенімен, нағыз ұстаз болу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық.

“Ұстазды алтын діңгекке теңер едім” - деп ұлы педагог Ы.Алтынсарин айтқандай ұстаз жолы - қиыншылығы мен рахаты бір басқа жетерік мамандық атаулының ұлысы. Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді өз мамандығының хас шебері кәсіби ұстаздар жетерлік.

Солардың бірі - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Жаратылыстану-география факультетінің «Биология және экология» кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты

Бимагамбетова Гульнара Адилгереевна.

Ұстазымыздың әр сабағы әрдайым жаңашылдықпен, қызықты өтеді.

Болашақ ұстаз ретінде ол кісіден үйренеріміз мол. Қайсар мінезі мен қызметіне деген адалдығы жас мамандар үшін үлгі боларлық. 25 жылдық ұстаздық ерен еңбегінің нәтижесінде ұстазымыз “Қазақстанның Құрметті Ұстазы” төс белгісін иеленді. Б-47 топ студенттері атынан ұстазымыз **Бимагамбетова Гульнара Адилгереевна** шын жүректен құттықтаймыз. Ұрпақ тәрбиелеу жолындағы толымды еңбегіңіз еселеніп, талантты да білімді шәкірттеріңіз көбейе берсін демекпіз.

Б-47 тобының студенттері

Шығармашылығымен танысты

13 қараша күні ҚР Тәуелсіздік күніне орай М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да жазушы Жан Ақжановтың «Парасат» атты әдеби шығармашылық кеші ұйымдастырылды. Шараның шымалдығын университеттің тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Түймеш Малбағарқызы ашып, «Адам баласы ақ ниет, жақсы мінезбен, адалдықпен өмір сүрсе ғана жемқорлық атаулы қоғамға жоламас еді» - деп атап айтып, кештің мән-маңызын түсіндіріп өтті.

Кеш иесі Жан Мұхарабұлының шығармаларынан жемқорлық жайлы өмір көріністерін аңғаруға болады. Шығармаларының мазмұны қоғамда көп жазылмайтын, айтыла бермейтін жандар жайлы. Жемқорлыққа қарсы күресу, оны болдырмау, қоғамдағы лас істерден азат ету жайында толғаған шығармалары өте көп. Шара барысында кеш иесі Жан Мұхарабұлының жемқорлық тақырыбында жазған кітаптары талқыланды. Сонымен қатар, кешке



ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің БҚО бойынша департамент басшысының бірінші орынбасары Нұрдәулет Саметұлы да қатысты. Қонақтар студенттерге жемқорлық жайында мағлұматтар беріп, толғандырған сұрақтарға жауап берді.

*Назерке СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
Филология факультетінің I курс студенті*

Ашық семинар сабағы

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да «Оқушылардың физиологиялық дамуы» пәнінің силлабус бағдарламасы бойынша «Өкпенің тіршілік сыйымдылығы» тақырыбында ашық семинар сабағы ұйымдастырылды.

Бұл пәннің мақсаты – адам мен жануарлар анатомиясы және физиологиясы, жалпы гигиена мен медициналық гигиена, биохимия, биофизика, психология,

педагогика, гистология, цитология, генетика тағы да басқа биологиялық және табиғаттану ғылымдарының табыстарына сүйенеді.

Семинарға ФИ-11 тобының студенттері мен «Жаратылыстану-география» факультетінің деканы З.Х.Кунашева, «Биология және экология» кафедрасының меңгерушісі Б.С.Альжанова, «Физика-Информатика» кафедрасының меңгерушісі А.А.Иманғалиева, «БОПМӘ» кафедрасының меңгерушісі Д.Г.Хабиева, аға оқытушылар Е.Т.Усиев, О.А.Паницева, Г.А.Бимагамбетова, Б.Ж.Джангазиева, топ кураторы М.Н.Жубанышева қатысты. Семинар жоғары дәрежеде өтті.

Жасқа байланысты физиология мен мектеп гигиенасының маңызы - еліміздің болашақ азаматтарын қазақ халқының мүддесін қорғай алатын білімді, өнерлі, талантты, сұлу, еңбекқор, яғни жан – жақты дұрыс дамыған балалар мен жастар етіп тәрбиелеу мен оқыту. Сондықтан бұның болашақ ата – аналар үшін де маңызы зор.

*Н.Р.МУЛДАХАНОВ,
М.Өтемісов атындағы
БҚМУ «Биология және
экология» кафедрасының
оқытушысы*



Ұлы даланың жеті қыры - ұрпаққа ұлағат

М.Өтемісов атындағы БҚМУ Тарих, экономика және құқық факультетінде Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «100 жаңа оқулық: білім жаңғыруының бастауы» атты дөңгелек үстел оздырылды. Ұйымдастырушылар - Экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі Егзалиева Асель Болаткалиевна мен ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегері, Экономика мамандығының 3-курс студенті Елеусинова Альбина Булатовна. Шараның басты мақсаты – студенттерді қазақ тіліне аударылған әлемнің таңдамалы оқулығымен таныстыру.

Оқулық таныстырылды

Дөңгелек үстелде жуырда жарық көрген Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция» атты оқулығы талданды. Бұл оқулық Елбасымыздың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауымен үндеседі. Оқулықта қазіргі технологиялардың адамзат өміріне алып келетін түбегейлі өзгерістері туралы баяндалған. Яғни, жасанды интеллектінің, роботтандыру, робот-автомобильдердің, 3D басып шығару, нанотехнология, биотехнологияның дамуы және тағы да көптеген ғаламдық процестердің пайда болуын алдын-ала болжап, оны адамзат игілігіне жарату жолдары қарастырылған. Бұл жөнінде Экономика және менеджмент кафедрасының 3-курс студенттері әр тақырыпты жекелей қарастырып, кітаптың мазмұнын аша білді. Кейіннен 1-курс студенттерімен аталған тақырыптардың оң және теріс ықпалдарын талдап, әркім өз ойымен бөлісті. Шара соңында Асель Болаткалиевна өткізілген шараның маңыздылығына тоқталып, 100 жаңа оқулықтың қазіргі таңда аударылған бөлімдерін оқуға кеңес берді. Сондай-ақ, аталған кітаптарды оқу арқылы әлемдік озық тәжірибелермен танысып, жаңа бағытта білім алудың қажет екенін түсіндірді.

*Альбина ЕЛЕУСИНОВА,
«Экономика» мамандығының 3-курс студенті*

М.Өтемісов атындағы БҚМУ Тарих, экономика және құқық факультетінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын тарихи-танымдық бағытта талқылау үшін доцент, тарих ғылымдарының кандидаты Б.С.Боранбаеваның ұйымдастыруымен «Ұлы даланың жеті қыры – ұрпаққа ұлағат» атты дөңгелек үстел оздырылды.

Іс-шараға факультеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты. Дөңгелек үстел барысында аталмыш мақаланың «Атқа міну мәдениеті», «Ежелгі металлургия», «Аң стилі», «Алтын адам», «Түркі өлемінің бесігі», «Ұлы Жібек жолы», «Қазақстандағы алма мен қызғалдақ» атты бөлімдері талқыланып, студенттер өз пікірлерін ортаға салды. Алдымен сөз алған доцент Б.С.Боранбаева «Атқа міну мәдениеті», «Ежелгі металлургия» туралы әңгімеледі. Тарихи-танымдық іс-шараға белсене қатысып, Елбасы мақаласының «Аң стилі», «Алтын адам», «Түркі өлемінің бесігі», «Ұлы Жібек жолы», «Қазақстандағы алма мен қызғалдақ» бөлімдері бойынша баяндама жасаған тарих мамандығының 4-курс студенттері Н.Зайнуллина, Ә.Аманкелді, А.Құспанова, Г.Мамрасулова, А.Сәтова, А.Изимов «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы «Әр қазақтың кеудесіне мақтаныш сезімін ұялатып, қоғамдық сананы оятуға тың серпін береді, жастардың бойына отаншылдық, ұлтжандылық сезімдерін қалыптастырады» деген пікірлерін жеткізді. Қатысушылар тарих мамандығының 4-курс студенттері Ақерке Сәтова мен Бексұлтан Сарсембаевтың орындауында «Адай», «Балбырауын», «Ерке сұлқым» күйлерін тыңдап көтеріңкі көңіл - күймен тарқастап.

*Алмағұл ҚҰСПАНОВА,
Тарих мамандығының 4-курс студенті*

Бір мұңайтып, бір қуантқан

Жаз айларының соңғы күндері. Оқу орнына қажетті құжаттарды тапсырып қорытынды күтіп жүрген кез. Ауылдамын. Күн сайын ойлайтын қорқынышым «оқуға түспей қалсам не істеймін?». Себебі, мен ҰБТ-да көңіл көншітеріліктей балл жинай алмадым. Иә, аз жинадым. Бірақ мен ауылда өстім. Мектепті қызыл аттестатқа бітірдім. Ауылда жалғыз ғана түсінік болды. Жақсы оқыды ма, демек ол ЖОО-на түсу керек. Түспесе ұят. Міне, осындай ұғыммен қалаға келіп, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға құжаттарымды тапсырғанмын. Сөйтіп, ауылда қорытынды шығатын күні құжат тапсырған апайыма қоңырау шалып, оқуға түстім бе, түспедім бе деп сұрадым. Ол кісі телефонның ар жағынан:

- Айкөркем, сен грантқа түспедің.

- Апа, тағы бір қарап көріңізші. Ғазиз Айкөркеммін.

- Жоқ, Айкөркем, сен оқуға түскендер тізімінде жоқсың.

Мен үнсіз тұрып қалдым. Даусым дірілдеп, жылағым келіп, телефон тұтқасын анама беріп, сыртқа шығып кеттім. Біраз уақыттан соң үйге кірдім. Анам апайдың «әкім гранты» туралы айтқанын айтты. Сол сәт менде «мүмкін оқуға түсермін» деген үміт сәулесі жылт етті. Кешкісін қалаға жол жүріп кеттім. Таң атты. Қаладамын. Университет алдына келіп тұрмын. Өзім секілді абитуриенттер өте көп. Бірі жылап, бірі қуанып тұр. Мен жәй ғана үнсіздікпен құжат тапсырған бөлмеге келіп, апайға жолықтым. Ол маған бәрін түсіндіріп, бір бет қағазды қолыма берді. Өтініш жаздым. Бұйырмыс шығар,

әкім грантына ие болдым. Кеудем қуанышқа толды.

1-қыркүйек. Студенттер. Физмат факультеті деген жазуды тауып, арт жағына тұра қалдым. Бәрі бір-бірімен танысып жатыр. Алғашқы күн солай өтті. Әлеуметтік желіде топ ашылды. Сабақ кестесі жіберілді. Ертесі күні сабаққа келдік. Әлі де абыр-сабырымыз, у-шуымыз басылмаған. Таныстық жалғасуда. Солай үш сабақты да өткіздік. Бүгінде 2-курс студентімін. Қызығы мен шыжығы мол «перваштық» кезіміздің қалай өткенін де аңғармай қалыппыз.

Бір қызық оқиғаммен бөліскім келеді. Бәлкім сізге қызық емес те шығар, бірақ біз үшін есте қаларлық күн болды. Қыс мезгілінде дене тәрбиесі сабағы аулада өтетін. Шаңғы тебетінбіз. Мен шаңғы тебуді білмедім. Ағайымыз биіктен сырғанауға тапсырма берді. Топтағы 12 студенттің тек 3-і ғана жақсы сырғанап алады екен. Қалған студенттер бірімізден соң біріміз құлап, шаңғымыз шешіліп, кері киілмей, бір-бірімізге күліп тұрғанда екіншісі құлап қызық болған. Қыс мезгілінде болған дене тәрбиесі осындай көп қызықтармен өтті. Сол кездегі бейнежазбалар мен суреттерге қарап, есіме түссе әлі күлемін. Бұл да студенттік шақтың жарқын естеліктері. Ал биыл бұрыңғы алаңасарлық, есерсоқтық пен еркеліктің бәрі қалып, кішкене есейген сияқтымыз ба, қалай?..

Айкөркем ҒАЗИЗ,
М-21 тобының студенті

Менің таңдауым ~ БҚМУ

Енді ғана ақ бантигін шешіп, үлкен өмір сатысына аяқ басқан ауыл қызы едім. Мектептен түлеп ұшқаннан кейін өз таңдауымды жасауға асықтым. Қатты ұнағаны БҚМУ болды. Неге дейсіз бе?

Біріншіден, мұнда студенттің білімі басты орында. Сонымен қоса, жақсы оқитын әр бала үшін өте көп жеңілдіктер қарастырылған. Басқа университеттермен салыстырғанда оқу ақысы арзан, білімі сапалы.

Екіншіден, біз Қазақстанның түкпір-түкпірінен ағылып келіп жатқан жас буынбыз. Студенттер үйінде де жастар үшін барлық жағдай жасалынған.

Үшіншіден, біздің университеттегі талантты жандар далада қалмайды. Апта сайын көптеген шаралар мен сайыстар, олимпиадалар, интеллектуалды ойындар

ұйымдастырылады.

Төртіншіден, шетелге шығуды армандап жүрсеңіз, арманыңызға қол жеткізуге мүмкіндігіңіз бар. Тіл білетін студенттер жыл сайын шетелден білім алып келіп жатады. Сондай-ақ, Қазақстанның әр қаласына түрлі сайыстарға баруға болады.

Айта берсек көп әрине. Мен осындай Қазақстанның мықты, беделді университетіне оқуға түскенімді мақтан тұтамын. Бізге керегі - жарқын болашақ. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті сол жарқын болашаққа жетелейтініне сенімім кәміл!

Ақнұр СЕМБАЕВА,
МО-11 тобының студенті

Студенттік дейді өмір ТАМАША!

«Студенттік дейді өмір тамаша,

Онда қызық естеліктер бар аса» - деп жүргенде студенттік кезеңнің үшінші жылына аяқ бастым. Қазіргі таңда ұлы баба ордасында білім алып, болашақ маман болуға даярлық үстіндемін. Осы орайда студенттік жылдарымдағы қызықты естеліктермен бөлісе отырайын.

Студент болу – жаңа мүмкіндіктерге ие болып, өз бағытыңды тауып еркін өмір сүретін кезең.

Жатақхана – жылы жанұя

Алғашқы студенттік жылымды жатақханада өткіздім. Жолымның болғаны сонша, тура Маңғыстаудың қыздарымен бөлмелес боламын деген ой басыма мүлдем келмеген. Сөздерін ұқпай, диалектіні түсінбей, бір нанды бөліп жеп аз уақытта бір үйдің баласындай боп кеттік. Әуеліде біреу келіп «сібірткі берші» дегенде қолына сіріңке ұстата салғаным бар. Кейіннен мұның бәріне үйреніп, тілдік қорымыз әр аймақтың сөзімен толықты. Айтпақшы 6 студенттің «дәстүрлі тамағын» тура жиырма күн мен де жедім. Асқазан сыр берген соң, мұны ауызға алмастай болғанмын. Қызықты сәттермен есте қалған жатақхана біріншіден, бұл – жаңа ортаға бейімделу мекені. Екіншіден, достық қарым-қатынастың берік болуына себеп болады, өйткені не көрсек те бірге дейтін жандар қатары толығады.

Екі жұма сабаққа бармай...

Бізде әр факультеттің өз корпусы бар деген бір арам ой қалыптасып қалған. Алғашқы жұмада тұрақты кесте болмай, әрі оны дұрыс түсінбей жүргенде бір жеті өте шықты. Төртінші ғимараттың 306-шы кабинетінде кураторымызды күтіп группамызбен адасып жүргенде, екі аптаның сабағын өткізіп алғанмыз бар. Ұстаздан телефонның арғы жағынан ұрыс естіп, екі апта өткеннен кейін сабаққа бардық. Жұрт алғашқы күндері адасса, біз тура он күн адасыппыз ғой!

Алдағы орындықтар үшін таласатынбыз

Лекция болатын күні группамызбен корпустан корпусқа жүгіріп жүретін едік. Сондағы ойымыз, алдағы орындыққа үлгеріп, сабақты жақсы меңгеріп алу болатын. Ал соңғы жақтан орын бұйырса, мұғалімнің сөзі үзіліп-үзіліп жетіп, бар дәріс жоққа айналып, сұраса ұятқа қалып, енді кешікпестей болып, іштей өзіңе уәде беріп отырарсың.

Мың өліп, мың тіріліп...

Сабақ өз бағытымен жүріп жатқанда, бірінші аралық бақылауға қалай жеткеніңді аңғармай қаласың. Барыңды айтып, бағанды алып сессияға дайындаласың.

«Он ай бойы масайрап ойнағандар, Емтиханда отыз күн көз ілмеген» - деп қазақтың Қадыры айтпақшы, күні-түні оқитын кез – сессия. Тура осы сәтте жанымызды салып кеп, мың өліп, мың тіріліп «Тар жол, тайғақ кешу» атты өткелден де өттік.

Қоп құттіріп, жылдам қететін дүние

Ұзаққа созылмайтын қуаныш болса да, шәкіртақы алу – зор мәртебе. Айдың басында бар нәрсе тек аяғына жетпейтіні жаман-ақ. Алайда өз біліміңнің нәтижесін көріп, еңбекпен тапқан дүниенің орыны бөлек қой.

Сөз соңында...

Алғашқы курстың қызықтары көңілде мәңгіге сақталары хақ. Студенттік өмір ауылдан келген талай аңғал, елгезектерді тезге салып, жаңа өмірге даярлады. Сағынышқа айналар сәттер осы кезеңнің тарихына таңбаланып жатқаны анық. Сондықтан, әр минутыңды бағалап, қайталанбас шақтың жасампаз куәгері атаныңыз!

Гүлзінат ИБРАГИМҚЫЗЫ,
Мәдениет және өнер факультетінің 3-курс студенті

Оралып келмес тәтті кез...

Өмірімнің ең тәтті кезеңдерінің бірімен қоштасып, үлкен өмірге аяқ басқан сәтте мені алдымда не күтіп тұрғанын білмедім. Қараңғылық. Белгісіздік. Қорқыныш. Өзімді жаңа ортада қалай сезінерімді де білмедім. Бірақ, бәрінің де қайыры бар екенін біліп, өзім көп күткен сәтке қол создым.

1 қыркүйек. Айнала толған бейтаныс жандар. Мен өзімнің тобымды іздеп жүрмін. Ең қызығы – сабақ басталған кез болатын. Сабақ кестесін қарасам «316, Б блок» деп жазулы. «Б блок» дегені маған түсініксіз болды. Бас ғимараттан әрі-бері жүгіріп, 316-аудиторияны таба алмай жүрмін. Ешкім білмейді. Уақыт тығыз, сабаққа кешігіп қалайын деп тұрмын. Сол сәтте жылап жібергім келді. Төменге түсіп, күзетші ағайдан сұрауға болатыны бірден ойыма келмеді. Өте ұялшақ болатынмын. Маған бөтен адаммен сөйлесу қиынға соғатын. Бірақ бар батылдығымды жинап, ағайдан барып сұрадым. Қайда екенін білдім де, қуанып кетіп кабинетке жүгіре жөнелдім. Осылай кабинет таба алмай, адасып жүретін қызықты сәттер көп болды. Қазір екінші курс студентімін. 1-курс студенттеріне қарап корпусты таба алмай, кабинетті іздеп жүретін өзімді еске алып, біраз күліп аламын.

Дария ДЖУМАГАЛИЕВА,
РЯЛ-22 тобының студенті

I курс

Корпус іші қандай ғажап,
Таңырқаймыз, қараймыз.
Жылы сөйлеп біреу келсе,
Жақсыға оны балаймыз.
Бәрі құштар үйренуге,
Сабақтан бір қалмайды.
Лекцияны жазудан да,
Қолымыз еш талмайды.

Студенттік өмір – адам өміріндегі қызығы мен қиындығы қатар жүретін маңызды кезеңдердің бірі. Студенттік кезеңнің ащы-тұщы дәмін татуға мектептегідей он бір жыл емес, небары төрт жыл беріледі. Бірақ бұл төрт жыл он бір жылдан гөрі есте мәңгі сақталады. Әсіресе, студенттік махаббатты айтсаңызшы! Ол жайлы әсем, жауһар сөздермен баяндасаң да ойындағыңды дөп жеткізе алмайсың. Нағыз студенттік махаббат хикаясын Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романынан оқи аламыз.

Он бір жыл бойы мектебінде ұстаздардың берген білім нәрімен нәрленіп, ҰБТ-ны ойдағыдай тапсырып, ақылы яки грант болса да арман қуып, бөгде қалаға аяқ басасың. Сол сәттен бастап өмірдің қадірін түсіне бастағандай боласың. Жаныңда болып, саған демеу көрсеткен ата-анаң қалаға әкеліп, бір күн ішінде жатақханаға немесе жалдамалы пәтерге жайғастырғаннан кейін сен өз бетіңше өмір сүре бастайсың.

Өзің төрт жыл білім алатын оқу ордаңа керемет көңіл-күймен, анамыз үйреткен ырым-тыйымдарды ескеріп, университеттің табалдырығын оң аяқпен аттай бастаймыз. Зәулім ғимараттан өзімізге қажет аудиторияны іздеп дал боламыз. Университетті үш-төрт рет айналып, студенттердің айтуымен аудиториямызды табамыз. Кейде әдейі «перваш екен ғой» деп әзілдеп қате айтқандықтан, кірген аудиториямыз басқа болып шығады. Сөйтіп, өздер дегенде аудиториямызды тауып аламыз. Өзіміздің төрт жыл студенттік өмірдің дәмін бірге тататын группаластармызбен таныса бастаймыз. Өлбетте, біреуі әнші, біреуі биші, енді бірі ақын немесе спортшы болады. 10-15 минуттан кейін көзінде көзілдірігі бар, тақасы тықылдаған профессор апай кеп бізбен жақын таныса бастайды. Оқытушы университеттің жұмыстары жайлы бәрін түсіндіреді. «Профессор», «ректор», «семестр», «рейтинг», «декан» секілді бізге таңсық дүниелермен таныстырады. Алғашқы сабаққа келгенде оқытушының дәрісті тез оқитыны соншалық, жазуға үлгере алмайтынбыз. Әп-әдемі жазуымыз бұзылды. Бірде үлгеріп, бірде үлгермей, дәрісті жазып жүрдік. Алғашқы сабақ мектептегі сабақтай 45 минут емес 50 минут болатынын сол кезде бір-ақ білгенбіз. Емтиханға дайындалуымыз тіптен қызық болатын. Аудиторияға аяқ-қолымыз дірілдеп кіретінбіз. Емтихан аяқталған соң ауылыңа жол тартасың. «Қаладан әпкем келе жатыр» деп артыңнан ерген іні-сіңлілерін тағатсыздана жолыңа қарайды.

Иә, алғашқы студенттік өмір жайлы жаза берсең ойың аяқталмайды. Ең басты есте сақтайтын жайт - студент атанған күннен бастап әрбір уақытыңызды, әрбір минутыңызды қызықты етіп өткізіңіз. Уақыт өте келе сағына еске алатын сәтіңіз дәл осы шақ болмақ!

Фариза АЙМУРЗИНА

21 қараша күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ Тарих, экономика және құқық факультетінде ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегері Елеусинова Альбина Булатовнаның ұйымдастыруымен Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойына орай «Алтын Орда – ежелгі өркениет естелігі» атты факультетаралық зияткерлік сайыс өткізілді. Бұл сайыстың негізгі мақсаты - жастарды қазақ халқының елеулі кезеңін қамтитын Алтын Орданың тарихымен таныстыру, студенттерге Жошы ұлысының маңызын айшықтау, мемлекеттің қалыптасуын оқып-үйренуде төл тарихтың алатын орнын айқындау.

АЛТЫН ОРДА – ежелгі өркениет естелігі

XIII ғасырда Шығыс Еуропа мен Орталық Азия, Сібір мен Кавказ арасындағы ұлан-ғайыр өлкеге туын тігіп, әлемдік тарихнамада «Алтын Орда» деген атпен ұлы мемлекет пайда болды. Әуелде Жошы ұлысы ретінде дүниеге келген Алтын Орда Бату хан, кейін Берке хан тұсында дәуірлеп, Мөңке Темір хан, Өзбек және Жәнібек хан тұсында Еуразияның апайтөс даласында билік құрған қаһарлы мемлекетке айналды.

Сайысқа әр факультеттен I курс студенттерінен құралған командалар қатынасты. Интеллектуалды сайыс 6 кезеңнен тұрды:

I. Таныстыру. Алғашқы кезеңде әр команда топтың атауын және құрамын таныстырып, сайыста бір-біріне сәттілік тіледі.

II. Жасырын ұяшықтар. Бұл кезеңде күрделілігіне қарай ұяшықтарды топ басшылары таңдап, сәйкесінше жасырылған сұрақтарға командамен ақылдаса отырып жауап берді.

III. Алтын Орда дәуірі әдебиеті. Қатысушы топтарға

Алтын Орда дәуірінде жарыққа шыққан тарихи еңбектер мен олардың авторлары ұсынылды. Сәйкесінше әр топ берілген уақыттың ішінде кітап пен оның авторын дұрыс сәйкестендіруі қажет болды.

IV. Шығармашылық жұмыс. Мұнда әр команданың топ басшылары ортаға шығып, үстелде тұрған суреттердің ішінен кез-келген 3 суретті таңдауына сай алды. Таңдалған суреттерді постерге жабыстырып, мазмұнға сай қосымша ақпараттар жазып, топпен жұмыстанды. Кейін ортаға шығып, шығармашылық жұмыстарын командамен қорғады.

V. Капитандар сайысы. Аталған турда әр команда капитаны қазылар алқасының алдында тұрған 6 билеттің біреуін таңдап, өзіне түскен тақырып бойынша жауап берді.

Барлық кезең бойынша әр команда белсенділік танытып, ой ұшқырлығы мен қабілеттіліктерінің арқасында қазылар алқасының жоғары ұпайына ие болды. Марапаттау рәсімінде тарих, экономика және



құқық факультетінің деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Майманова Нұршат Нұрқановна әр факультеттен келген командаларға алғысын білдірді. Зияткерлік сайыстың қорытындысы бойынша I орынды педагогика факультетінің «Білгірлер» командасы, II орынды жаратылыстану-география факультетінің «Эрудит» командасы, III орынды тарих, экономика және құқық факультетінің «Жалынды рух» командасы иеленді.

Альбина ЕЛЕУСИНОВА,
«Экономика» мамандығының 3 курс студенті

Дархан дарын иесіне арналған кеш

Қараша айының жиырмамыншы жұлдызында ҚТӨ-15 тобының студенттерінің ұйымдастыруымен «READ» форматында Әбіш Кекілбаевқа арналған университетшілік айрықша шара өтті.

Шараның мақсаты – ұрпағымызды ұлтжанды болуға шақырып, тарихпен үндесе қалам тартқан әдебиет өкілдерін дәріптеу. Кеш шымылдығы Әбіш Кекілбаевтың өмірі мен отбасы, шығармашылығы мен еңбектеріне арналған деректі фильммен ашылды. Одан әрі ғылыми кітапхана кітапханашысы Нұрғалиева Садап Әбіш Кекілбаевтың жыр жинақтарын, мерзімді басылым беттерінде жарық көрген ақын туралы жазылған мақалаларын жинақтап, студенттерге ақын шығармаларын жан-жақты түсіндірді. Кеш барысында

ақынның «Анама», «Біздің бала шағымыз», «Алматыда, күзді күні, бульварда» өлеңдері оқылып, шығармаларымен сусындадық. Сонымен қатар, ақын сөзіне жазылған «Тұр орнында, жер мен көгім» әні шырқалды. Студенттер ақынға деген өз туындыларын тарту етті.

Әрбір қатысушы мен көрермен үшін мұндай тәрбие сағаттарының жиі өтуі ел болашағы үшін де, ата жолын жалғар ұрпақ үшін де келелі болмақ.

Асылзат АСЫЛБЕК,
ҚТӨ-15 тобының студенті

Байрақты бәсеке

12 қараша күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да I курс студенттері арасында интеллектуалды ойындар жарысы өтті. Оған университетіміздегі 6 факультеттің студенттері белсене қатысып, бақ сынады. Жарыс нәтижесі бойынша шахмат ойынынан:

Тарих, экономика және құқық факультеті I орын;
Физика-математика факультеті II орын;
Мәдениет және өнер факультеті III орынды иемденді.
Дойбы ойынынан:

Тарих, экономика және құқық факультеті I орын;
Филология факультеті II орын;
Физика-математика факультеті III орын жеңімпазы атанды.

Ал тоғызқұмалақ ойынынан:
Тарих, экономика және құқық факультеті I орын;

Физика-математика факультеті II орын;
Педагогика факультеті III орынды місе тұтты.

Жарыста оқ бойы озық шыққан Тарих, экономика және құқық факультеті командалық есепте I орынды қанжығасына байласа, Физика-математика факультеті жұлделі II орынды еншілеп, Филология факультеті III орынға тұрақтады. Шара соңында сайысқа қатысушы командаларға арнайы дипломдар мен алғыс хаттар табыс етілді.

Интеллектуалды ойын өтті

Қараша айының 13-жұлдызында физика-математика факультетінің I курс студенттері арасында «IQ МАХАМБЕТ» атты интеллектуалды ойын оздырылды.

Шарада сөз алған Жастар ісі жөніндегі комитетінің әдіскері Абылай Оңғарұлы сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Асқан тапқырлық пен шапшаңдылықты талап ететін бұл ойында 3 команда бақ сынады. «Ұлан», «Интеллект», «The Best» командалары әдемі ойын өрнегін көрсете білді. Ойын нәтижесінде оқ бойы оза шауып, бәсекелестерінен басым түскен «Интеллект» командасы келесі ойынға жолдама алды.

Шара соңында студенттер ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

Асыл ҚҰРАМЫСОВА,
Физика-математика факультетінің студенті



Әдеби-танымдық сайыс өтті

21 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Тарих, экономика және құқық факультеті Есеп және қаржы кафедрасының ұйымдастыруымен «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында факультет студенттері арасында «Махамбет – ерлік пен елдіктің өшпес рухы» атты әдеби-танымдық сайыс оздырылды.



Іс-шарада студенттер Махамбет бабамыздың шығармаларын жатқа айтып, ақынның өмір жолы мен шығармашылығы туралы викториналық сұрақтарға жауап беріп, Махамбет жырларының жалғасын және атауларын тапты. Сондай-ақ, студенттер шара барысында би билеп, күй тартып, көңілді сахналық қойылым қойып, көпшіліктің көңілінен шықты. Сайыс соңында Экономика және менеджмент кафедрасының «Ақ сұңқар» командасы I орын, Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының «Өр рухтың өрендері» командасы II орын, Қазақстан Республикасының тарихы кафедрасының «Тектілер тұяғы» командасы III орынды иемденсе, Құқықтық пәндер кафедрасының «Жас жалын» командасы мен Есеп және қаржы кафедрасының «Тарлан» командасы алғыс хатқа ие болды.

Қаржылық жекпе-жек

ҚР Ұлттық валюта және Қаржыгерлер күніне арналған апталық аясында М.Өтемісов атындағы БҚМУ Тарих, экономика және құқық факультетінің Есеп және қаржы кафедрасының оқытушылары Н.Г.Шамакова, Ш.М.Алтыбаева және Э.Н.Баудиярованың ұйымдастыруымен кафедра мамандықтарының студенттеріне «Қаржылық жекпе-жек» интеллектуалдық ойыны өткізілді. Шара барысында студенттер қаржы, банк саласы бойынша білімдерін сынға салып, біліктіліктерін көрсете білді.

Ш.М.АЛТЫБАЕВА

Студенттік өмір - көтеріңкі көңіл

Мәдениет және өнер факультетінің аға оқытушысы, магистр Жұмағалиева Гүлжазира Ермекқызының жетекшілігімен және мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 2-курс студенттерінің ұйымдастыруымен Халықаралық студенттер күніне орай 11-13 қараша аралығында «Студенттік өмір-көтеріңкі көңіл» атты апталық өтті.

Бұл шарада факультет деканы Қажымова Қарлығаш Рахымқызы студенттерге өзінің жылы лебізін білдіріп, ақ тілегін арнады. Ашылу салтанаты барысында факультет студенттері Рысбек Ермекқалиев пен Асылжан Тілекқабұлов көрермендерге «Сен+Мен» өнін тарту етті. Шара одан әрі «Welcome alumni party» атты мәдениет және өнер факультетінің түлектерімен кездесу кешімен жалғасты. Бұл кешке Еслямғалиев Әбілқайыр, Тұяқ Мақсат, Аян Айтқұлов, Меңдіқұл Орынбек пен Бек Меренов қатысты. Университет түлектері өздерінің қызықты сәттерімен бөлісіп, студенттердің тосыннан қойылған сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ, кеш қонақтары студенттерге қонаққәдесін ұсынуды да ұмытпады.

Апталықтың екінші күні «7 Life» байқауы ұйымдастырылса, 13 қарашада кәсіби бағдар жүргізу мақсатында №1 мектеп оқушылары мен 1-курс студенттері мен арасында «Намыс дода» спорттық байқауы оздырылды. Байқау нәтижесі бойынша, КДР-11 тобы I орынды иемденсе, КДР-13 тобы II орынды, ал №1 мектеп оқушылары III орын еншіледі. Сонымен қоса, Әділет Жүсіпов «Үздік топ басшы», РЕЖ-11 «Emodgi» тобы «Үздік спорт киімі», ХГ-11 «Бірлік» «Үздік команда» аталымдарына ие болды.

3 күнге созылған апталықтың жабылу салтанатында «One Shot» би тобы, Асылжан



мен Рысбек сынды университетіміздің жұлдыздары өнер көрсетті. Өрбір шараға белсене қатысып, көзге түскен МТЖ-41 тобы «Үздік топ» атанса, Айзада Жетисова «Үздік студент» Биболат Ғайнолла «Өнерлі студент», Нурсултан Сақтай «Үздік вокалист», Гүлсезім

Телегенова «Бұрымды қыз», Камила Меңдіғали «Үздік биші», Аида Қожбанова «Сәнқой студент», Айбек Бейбітов пен Гүлсезім Телегенова «Жарасымды жұп» аталымдары бойынша марапатталды. Жабылу салтанатының соңы би кешіне ұласты.

Тарихи мекенге сапар

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Туған жер» жобасы негізінде география кафедрасының доценті г.ғ.к. С.К.Рамазановтың жетекшілігімен 25 қазан күні география-тарих және география мамандықтарының студенттері Орал қаласының аумағында орналасқан республикалық 100 киелі нысан қатарына өнген XIII-XIV ғасырдың археологиялық ескерткіштерінің бірі Жайық қалашығына экскурсия жасаған болатын.

Экскурсияның негізгі мақсаты - студенттердің туған жерге деген патриоттық сезімін ояту, оның мәдениеті мен салт-дәстүрін біліп, тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарымен таныстыру болды.

Жайық қалашығы - Алтын Орда дәуіріндегі ортағасырлық қала (XIII-XIV). Ол Орал қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 12 км жерде орналасқан. Қалашық 2001 жылы «Ақсай-Үлкен Шаған-Атырау»

газ құбыр трассасын тарттыру кезінде табылған. Ескі қала аумағынан бірнеше тұрмыстық, қоғамдық және шаруашылық нысандар анықталған. Олар - кірпіш, күйдіретін пеш, монша, үй жайлар және кесенелер. Экскурсия барысында шашылып жатқан күйдірілген кірпіштердің сынықтарын көрдік. Жалпы ортағасырлық Жайық қалашығы туралы Серік Кішібекович айтып таныстырды. Сонымен қатар, негізгі құрылыстардың орны

- «хаммам-шығыс моншасы» болды. Сол кездің өзінде моншаның жылу таратқыш құбырлары барлық ішкі суфалар мен еден астары арқылы таралғаны, яғни монша еден асты жағу жүйесімен жылытылғаны студенттерді таң қалдырды. Моншаның көлемі шамамен 110-120 м² алып жатқан болса, орталық бөлмесі сегіз бұрышты, шығыс және батыс бөліктен оған жуынуға арналған шағын орындар, кәріз құбыры болғаны айтылды. Бүгінде шетелдік туристерді тарту мақсатында қалашық орнын аспан астындағы мұражайға айналдыру жұмыстары жүрде. Алдағы уақытта ортағасырлық «Жайық қалашығы» еліміздің туристік орталығына айналып, халыққа қызмет етері сөзсіз.

Экскурсия кезінде студенттер тарихи орынға ерекше қызығушылық танытып, өз ойларымен бөлісті.

Ерсин АЙМАНОВА,
География кафедрасының аға оқытушысы

Қараша айының 13-жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттеріне салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында дәріс оқылды. Шара барысында БҚО салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының мамандары Нелъя Салимова, Бакытгуль Кайыргалиевна, Акбеле Мухамбеткалиева халық арасында, соның ішінде жасөспірімдер арасында кең етек алған, денсаулыққа зиянды өнімдерді айтып өтті.

Денсаулық - зор байлық

Атап айтар болсақ, ЖҚТБ ауруының белгілері мен таралу жолдары, насыбай, спирттік ішімдіктер, фаст-фуд тағамдарының құрамындағы адам ағзасына орасан зор зиян келтіретін қоспаларды айтып, алдын алу жолдарын студенттерге ашып көрсетті. Сондай-ақ, шара барысында эксперименттік тәжірибелер көрсетілген бейнероликтер де студенттердің назарына ұсынылды. Жиын соңында мамандар студенттерді салауатты өмір салтын ұстануға, спортпен шұғылданып, дұрыс тамақтануға шақырды.

Аида ОРАЗОВА,
Филология факультетінің
I курс студенті

Бүгінгі студент - ертеңгі ғалым

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Жаратылыстану-география факультетінің Биология және экология кафедрасында 14 қараша күні студенттер арасында ғылыми-зерттеу жобалар байқауына іріктеме өтті. Бұл байқау «Биоалуантүрлілік және экологияның өзекті проблемалары» мен «Зоология және биологияны оқыту әдістемесі» сынды 2 бағыт бойынша оздырылды.

Жобаға 1-4-курс студенттері оқытушылар қауымының жетекшілік етуімен қатысты. Баяндамалар «Биология», «Экология», «Зоология» және «Биологияны оқыту әдістемесі» бағыттары бойынша қорғалды.

Студенттер өздерінің жобасын зерттеу барысында биология, экология, зоология, биологияны оқыту әдістемесі салаларының қызықты тұстарын меңгеріп,

зерттеушілік ізденістерін арттырып, алдағы уақытта ғылыми жұмыстармен айналысу мақсатын көздеп отыр. Жоба қорғаушыларға әділ қазылар мен студенттер тарапынан бірнеше сұрақтар қойылып, қатысушылар барлық сұрақтарға тұщымды жауап берді.



Айгуль НУРМБАЕВА,
Биология мамандығының 4-курс студенті



Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)

№3 (25), қараша, 2019 жыл

Мейірім

Қайырымдылық жасау – ізетті іс

«Қайырымдылық жасаң, қайырымын өзің көрерсің» демей ме дана халқымыз. Ізетті істі жасау өкінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Сансыз қарбаласпен өзге түгілі өзіне уақыт таппай жүрген, дүниенің соңынан қуған адамзаттың ойына жақсылық жасау сынды ойдың келуі де екі талай-ау! Алайда бұл тақырып жалпы қоғамда өз мәнін, өзектілігін жоймайтыны белгілі. Жақсылық жасау үлкен-кіші деп бөлінбейді. Өз қолыңнан келгенше жақсылық жасап жарысқанға не жетсін! Халықаралық студенттер күні мерекесі қарсаңында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 курс студенттері (ҚТӨ-11-тобы) «Жақсылық жасауға асығайық!» акциясымен көпбалалы, аз қамтылған отбасына барып қайтты.


«Үміт» жастар қоғамдық бірлестігімен бірге жұмыс жасап, «Жаңа өмір» ауылында тұратын көпбалалы ана Кеңесова Әсел Әсетқызының отбасына барып, қолдарынан келген көмегін аямай, өз қолғабысын тигізді. Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы жомарттық пен кең пейілділікті бойына дарытқан бұл студенттердің ісі көпке үлгі. Бұл қайырымдылыққа мұрындық болған топ кураторы Абат Сатыбайұлы да өз шәкірттерінің игі ісіне бір марқайып қалды. Дәл осындай қайырымдылық акциясы бұдан әрі қарай да жалғасын таба бермек. Бір-бірімізге бақыт сыйлар жүрек жылуымыз, мейірімділігіміз сарқылмасын! Аялы алақанымызды білдіріп, қол ұшымызды созып, қайырымдылық жасап, көмек күткен әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялатып жүргенге не жетсін!



Жанар ҚАБДІРАХИМҚЫЗЫ,
(«Филология:қазақ тілі» мамандығы) Фил-31-топ

Тұңғыш

Тіл - байлығым



Тұғырында ту байлаған қазақ тұр,
Егемен ел, гүлденген ұлт - ғажап бұл.
Көмкерілген қазақылық дәнегі,
Жаса! Жаса! Жасай берші - қазақ тілі!

Осы тілмен жауын судай ағызған,
Осы тілде болды халқым данышпан.
Ұлт тілінде бой түзейді әр сәби,
Осы тілде айтылады бар ізгі ән.

Шешендер де аңдып жүріп әр ізді,

Тіл арқылы сөздің майын тамызды.
Қазақ тілмен Әміре де кезінде,
Мойындатқан асқақ қала Парижді!

Таразыға салған дұрыс - бұрысын,
Осы тілде айтылды ғой ұлы сын.
Үш төбе би көмейінен төгілген,
Қазақ тілі сен қашан да ұлысың!

Естілген тіл сонау Абай үнінде,
Әр қазағым сайрап жатыр бүгін де.
Бабалардың сыйға тартқан байлығы
Мен сөйлеймін өз ана тілімде!

Тұғырында ту байлаған қазақ тұр,
Егемен ел, гүлденген ұлт - ғажап бұл.
Көмкерілген қазақылық дәнегі,
Жаса! Жаса! Жасай берші - қазақ тілі!

Елжан ҒАЛЫМЖАН,
Фил-13-топ («Филология:қазақ тілі» мамандығы)

Айхай, студенттік шақ!

Білімнің тұнығынан қаньп ішсем...

Бала күнде құлын жүректің тулап ерте есейіп үлкендерше өмір сүргісі келуі бір заңдылық іспетті. Тез өсіп-толып ересек жандардың қатарына қосылуды армандамаған бала кемде-кем шығар, сірә! Мектеп қабырғасында жүрген кезде асып-тасып, аттай тулаған кішкене ғана жүрегім есеюге асығатын. Сондай тәтті, алдамшы оймен жүріп, оқушылық кездің артта қалғанын байқамаппын. Болашаққа бағдар деп мамандық таңдауым да көп қиынға соқпады. Себебі мен көркем шығармаларды сүйіп оқитынмын. Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қамарсұлу Серікболатқызы сынды ұстазым сабақ берді. Ол кісі тәртіпке қатты қарайтын, бірақ сабақ беру жүйесі көп баланың көркем әдебиетке қызығушылығын оята білгені айдай анық. Ұстазыма еліктеп қазақ тілі мен әдебиеті пәні маманы болуды ұйғардым. Ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары балл жинап, өзім қалаған мамандыққа оқуға түстім.

Бүгінде мен - жаңа өмірге аяқ басқан студентпін. «Студенттік өмір» тақырыбы құдды бір тиегі салулы, ішек-пернесі тағулы, құлағы келтіріп қойылған домбырадай, тек шертсең болғаны сайрай жөнелгің келетіндей. Бұл-оқырманды жалықтырмайтын тақырып. Неге? Себебі осынау тақырып талай жанның жүрек толғанысына айналған, ойлағанда сағыныштан

көздеріне жас алып, қимастықпен еске алар керемет кездердің бірі...

Менің университет табалдырығын аттағаныма ұзақ уақыт бола қоймаса да, студенттік шақтың ашысы мен тұщысын татып көргендей, балалықты артқа тастап, өзімнен алдыңғы аға буынға табан тіреп, есейгендеймін. Үлкен білім ордасына аяқ басқаннан бастап, бойымда ерекше сезім пайда болды. Өзіме сенімділік күшейіп, зор жауапкершілік жүктелгенін түсіндім.

Студенттік өмір туралы айта берсе том-том кітап шығары анық. Ал сол кітапты оқыған кезде қызықты, айтып берерге тұрарлықтай қылу әрбір студенттің өз қолында. Ендігі мақсатым - осы студенттік кезеңді мәнді де мағыналы ету, білімнің ең тұңғығын алу, мықты маман болу.

Дәурен ҒҰМАРОВ,
ҚТӨ-11-топ («Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы)



Жанашыр ұстаз! Құдай берген жасыңыз өзіндік өрнегімен, мерей-мәртебесімен келгей! «Алты Алаштың басы қосылса, төрдегі орын - ұстаздікі» (Мағжан Жұмабаев). Сіз ұстаздықтың тағындағы тұлғасыз. Шынында да, ұстазы мықтының ұстамы мықты. Сіздің тұла бойыңызда тұнған тәлім-тәрбиеңіз, әрбір сөзіңіз жанымызға жылу сыйлар сәулелеге айналды. Адал тер төгудің арқасында орнымен қол жеткізген құны биік марапат-жетістіктеріңіз жақсыға ұмтылмақ ниетімізді жандандырып, жарқын болашаққа қарай қадам басуда жігерімізді жаниды. Тауымызды шақпай, талбымызды ұштаған Сіздей текті жанның тағдырлы жолымызда тоғысқанына сан шүкіршілік айтамыз! Өзіңізге ұқсап, өлімнен ұятты күшті көріп, адалдық құндылығын аттамай, алдымен адам атымызды сақтай білсек, одан асқақ арманымыз бар ма?! Шаршы алаңда шаң тигізбейтін құлагер қалпыңыздан танбай, шаттық биігінде шарықтай беріңіз демекпіз!

Құрметпен, филология факультетінің студенттері атынан Еркеназ Қалижан (Фил-41-топ),
Жанар Қабдірахимова (Фил-31-топ),
Аяулым Аманқызы (ҚТӨ-13-топ).

2019 жылғы қаңтардың 30-ынан шыға бастады

Рухани жаңғыру

Жастар
QAZAQSTAN 2119
Рухани
жаңғыру

Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

Жалпақ әлемді ауызыңа қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырмай қарау үшін, рухани байлық керек.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ, классик жазушы

«Рухани жаңғыру» институтының студенттерге арналған беті, №10, қараша, 2019 жыл

Өнер дүлдүлі

Ақжайық бұлбұлы

«Біреулер мақтап жатыр ұнағанын, Қолпаштап тауып жатыр нық амалын. Ал сенің өнердегі орның бөлек, Ешқашан сарқылмасын бұлақ-әнің. Жалындап тұр ғой, қалқам, жаның әлі, Биіктер ойыңдағы алынады... Өзіңді қаумалаған қалың қауым, Талай жыл талантыңа табынады. Бойыңда пенделіктен дарын басым, Басыңнан бұл бақытың арылмасын. Күн сайын көзайым боп жүре берші, Жез таңдай, күміс көмей қарындасым!»- деп көрнекті жерлес ақын аға Айтқали Нәріков жырлағандай, бұл жыр жолдары дүлдүл әнші ұстаз Жұмағаным Әбілхалыққызына арналған. Сонау ауылдан арман қуып, білім іздеп қалаға келген шағымызда, әнші-ұстаздың өнерімен танысып, тәтті болған кезім әлі есімде. Сол кездегі студент жас өнерпазға бірнеше жылдардан соң Жұмағаным Әбілхалыққызымен бір кафедрада жұмыс істеп, әріптес боламын-ау деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірмес еді.

өрілер еді. Жұмағаным Әбілхалыққызы Рахимова 1954 жылы 19 наурызда Саратов облысының Новорославка ауылында туған. Өз замандастарының айтуынша, кішкене кезінен әнші қыз атанған Жұмағаным Рахимова әнге құмар боп өседі. Әкесі Рахимов Әбілхалық Мұсаұлы мен анасы Рахимова Мәрия Мұхамедиярқызы қыздарының бойындағы өнерін ескеріп, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының вокалды-хор факультетіне оқуға түсуіне өз рұқсатын береді. Сол оқу орнында жүріп, атақты ұстаз Бекен Жылысбаевтың ән (вокал) класы бойынша білім алып, Қазақ музыка мәдениетінің көрнекті жұлдызы, КСРО халық әртісі Бибігүл Төлегенова, Қазақстан Республикасының халық әртісі Зейнеп Қойшыбаева сияқты ұлы ұстаздардан дәріс алады. Аталмыш оқу орнын 1979 жылы бітіріп, «әнші-оқытушы» дипломын алып шығады. 1979 жылдан бастап Құрманғазы атындағы Қазақ мем-



Колледжде оқыған студенттік кездегі қазақ драма театрында өткен концертте Жұмағаным апайды алғаш көруім, оның Латиф Хамидидің «Бұлбұл» орындауындағы асқан шеберлігі, әрбір нотаны жеп-жеңіп орындап шыққан үні әлі құлағымда. Мүмкін, менің ән өнеріне қызығушылығым сол сәттегі «Бұлбұл» әнін естуімнен басталған шығар. Сол тұста әнші өндері жазылған күйтабақтың бір данасы қолыма тиген-ді. Ал, қуанбай гөр! Сыртында әншінің фотосуреті берілген «Жұмағаным Рахимова ән шырқайды» атаулы күйтабақ көп жылдар бойы төрімде сақталған болатын-ды. Қанша жылдар өтсе де Жұмағаным дауысы әрбір батысқазақстандық ән сүйгіш тыңдарманның құлағында.

Кейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Вокал» мамандығына оқуға қабылданып, Қазақстан ұстаздар қоғамының мүшесі Таисия Қияқбайқызы Маулетовадан дәріс алдым. Вокалдық білімімді тереңдету барысында Ж.А. Рахимовадан «Камералық ән салу», «Вокалдық педагогикалық репертуар», «Арнайы педагогикалық дайындық» пәндерінен білімімді жетілдірдім. Ұстазым өзінің вокалдық педагогикадағы іс-әжірібесін студент жастармен бөлісіп, оқыту ісінің қыр-сырын үйретті. Әр курсқа арнайы жасақталған репертуарлар желісін меңгертті. Қазіргі таңда да «Музыкалық білім және вокал» кафедрасында ұстаздық қызметті бірлесе атқарып келемін. Әлі де апайым өзінің ақыл-кеңестерін беріп, әсіресе, мемлекеттік бағдарламаларды таңдауда олқылық жібермеудегі кеңестері құнды.

Шәкірттік парызым ретінде айтар болсам, әнші-ұстазым Ж.Ө.Рахимованың шығармашылық өмірбаяны төмендегіше

лекеттік ұлттық оркестрінің жетекші солисті болып, 1980 жылдан Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының оқытушысы, 1986 жылдан бастап Алматы Республикалық филармонияның жетекші солисті боп қызмет жасайды. Өнерінің шарықтау кезеңінде 1984 жылы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталады. 1980 жылы К.Байсейітова атындағы Республикалық әншілер конкурсында I дәрежелі лауреаты атанып, сол жылы Таллинде өткен Халықаралық әншілер байқауының жүлдегері болады.

1996 жылы Батыс Қазақстан классикалық ән өнерінің ақсақтаған кезеңінде елге оралып, лирика - колоратуралық сопрано дауысты әнші Ф.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының солисті боп қызметке тұрады. Қажырлы еңбек нәтижесінде 1998 жылы ҚР Еңбек сіңірген әртісі атағына қол жеткізеді. Ж.Рахимованың өмірлік серігі болған атақты композитор Әшір Молдағайынов өзінің көптеген шығармаларын, ән-романс, арияларын Жұмағаным Әбілхалыққызының дауысына лайықтап жазған. Шығармашылық отбасында бір ұл, бір қызды дүниеге әкелген әнші бұлбұл ұстаз дүлдүлге айналады. Әшір Молдағайынов ұлына Аспандияр, қызына Ақбота сынды қазақы есімдерін береді.

Тағдырдың жазуымен өмірден озған жолдасының жоқтығын білдірмеген ана балаларының терең білім алуына

Құттықтау!

Өнер тағындағы тұлға

Ел зердесіне көшер елеулі сөз айту қашанда оңай дүние емес. Біздіңше, Жұмағаным Әбілхалыққызы Рахимова - өнер тағындағы тұлға. Себебі, таңғажайып өнер иесі әнді көптен қалмау үшін айтпайды. Көптен қалмау – көкке самғау емес. Әсіресе, өнерде. Бүгінгі күні туғанына 65 жас толып отырған кейіпкеріміздің таланты – табиғатынан, талабы - өзінен.

Өнері аздай өркекірек келеді десе-ді. Ән өнерінің дүлдүлінен бұндай жат мінезді мүлдем байқамаппыз. «Кішіпейілдік – кемеңгерліктің көркі» демеі ме. Жұмағаным Әбілхалыққызы қашан көрсек те үлкен-кішіге кішіпейілдік танытып жүргені. Өнер майталманы – жүректі би етпей, өз жүрегіне ұстаз бола білген жан.

Дарынды дарын таниды. Жұмағаным Әбілхалыққызы - шәкірттеріне қол шатыр іспетті тұлға. Бір ғажабы, әнші-ұстаз шәкірттеріне күн жауғанда ғана емес, күн ашықта да қажет. «Күн ашылған соң қол шатыр ұмыт қалады» деген қағида бұл тұста жүрмейді.

Ғұлама ойшылдарға сүйенсек, әркім өз ескерткішін өзінің көзі тірісінде өз қолымен қалайды. Кейіпкеріміз-мерейтой иесі - өз тұлғасын өзі сомдау, қалыптастыру үстіндегі азамат. Асылы, естілер еңкейген сайын еңселене түседі. Қуанарлығы, Жұмағаным апайымыз естілер сапынан.

Қадірлі Жұмағаным Әбілхалыққызы! Амандығында адам абдырамайды. Аман жүргейсіз! Жапон халқының айтуынша, өмірдегі игіліктің ізгісі – ұзақ жасау. Өнердегі ғұмырыңыз ұзақ болғай!

Құрметпен, А.С.ҚЫДЫРШАЕВ,
«Рухани жаңғыру» институтының директоры,
п.ғ.д., профессор, ҚПФА академигі,
Қазақстанның құрметті ұстазы

жағдай жасайды. Адами тұрғыда жетілулеріне қолынан келген көмегін аямайды. Жолдасынан айырылған, бүгінде отбасының жетілуіне арқау болған ұлы аналар мәртебесін түсірмей, мейірімді әже статусына жетті.

Ардақты апайымыз қазіргі таңда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер факультетінің «Музыкалық білім және вокал» кафедрасында болашақ әншілерді дамыту жолында өз еңбегін аямай, тер төге еңбек етуде. Жұмағаным Әбілхалыққызының әлемдік деңгейде өнер көрсетіп жүрген шәкірттерінің де бар екенін айтпай кетуге болмайды. Алғашқы шәкірттерінің бірі- Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, әнші-композитор, ҚР Мәдениет саласының үздігі Қуаныш Қисметов, Республикалық конкурстардың лауреаты Гүлмира Өтегеновалар. Ұстаздың әншілік жолда жүрген шәкірттерінің қатарынан республикалық байқаулардың лауреаты Ардақ Айғалиеваны атаймыз. Қазіргі таңда Атырау облысының Н.Жантурин атындағы филармониясының «Нарын» халық аспаптар оркестрінің солисті болып қызмет етіп, оркестрмен бірге халықаралық деңгейде өнер көрсетуде. Өткен жылы Атырау қаласында «Гауһартас» атты өзінің жеке концертін жоғары дәрежеде өткізді.

Сондай танымал шәкірттерінің бірі - Айзада Капонова. Айзада М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Музыкалық білім» мамандығы бойынша тамамдап, Қазақ Ұлттық музыка академиясын «Вокал өнері» мамандығы бойынша, ҚР Еңбек сіңірген әртісі, профессор Қ.Н.Омарбаевтан білім алды. 2008-2012 жылдары – К.Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрының солисті болды. 2013 жылдан «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры опера труппасының солисі Айзада Капонова «Шабыйт» халықаралық шығармашыл жастар конкурс- фестивалінің II дәрежелі лауреаты (Астана, 2007), Халықаралық вокалдер конкурсының I дәрежелі лауреаты (Алматы, 2013), Н.Тілендиев атындағы халықаралық конкурс - фестивалінің Гран-при иегері (Астана, 2015). 2018 жылдың 26-30 сәуір аралығында ұлы композитор Дж. Россинидің отаны Италияның Пизар қаласында өткен XV халықаралық конкурстан I дәрежелі орынға ие болды. Демек ол алғашқы ән өнеріндегі тұсауын кескен ұстаз еңбегін «Құрмет» орденімен дәлелдеді.

Ұстаздың беделді шәкірттерінің қатарында Жұмажан Жұлқаш, Айда Дүйсенбина, Айнара Айтқалиева, Тимур Тапалов, сондай-ақ облыстық мәдениет мекемелерінің жетекші жас әншілері Тимур Мусин, Артем Мұқатаев, Дамир Сәтібаев, Меңдігүл Қалиулова, Альбина Рамазановалар түрлі республикалық, халықаралық байқауларда және мерекелік шараларда өз өнерлерін көрсетіп, халық алғысына бөленуде. Сөзімізді жинақтай айтсақ, асқан талант иесі Жұмағаным Әбілхалыққызы Рахимова әлі талай әншілерді кәсіби қалыптастыратыны сөзсіз. Ұстаз еңбегінің нәтижесі осындай болса, бұдан асқан бақыт бар ма.

Раушан ҚУАНЫШӘЛИЕВА,
Мәдениет және өнер факультеті деканының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, магистр-оқытушы

«Ruhani janguru» - «Рухани жаңғыру» бетінің жауапты редакторы –
Гүлдана Хайроллақызы Сұңғатова, «Рухани жаңғыру» институтының әдіскері

Ж. Жәрдемөв Жұлдесі саратқа салтынды

22 қараша күні Жұбаныш Жәрдемөвтің жұлдесіне арналған дәстүрлі қалалық ашық турнир өтті.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің спорт сарайында турнирге қатысушылар ұлттық спорттың тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық және қазақ күресі түрлерінен бақтарын сынады.

Бұл спорттық шара самбо күресінен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, самбодан КСРО шебері, ҚР-ның Құрметті спорт қайраткері Жұбаныш Садырұлының құрметіне арналды.

Спорттық шара өңіріміздегі жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері арасында өткізілді. Орал қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі мен М.Өтемісов атындағы БҚМУ бірлесе ұйымдастырған жарысқа жүзге жуық жас спортшы қатысып, бақ сынады.

Жарыстың ашылу салтанатында Ж.Жәрдемөв дәстүрлі түрде өтетін турнирге қолдау білдірген жандарға алғыс білдіріп,

қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ университеттің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры Әсет Сембайұлы, ҚР Қазақ күресі федерациясы атқарушы комитетінің мүшесі, кикбоксингтен ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жұбаныш Садырұлының шәкірті Тастанбек Есентаев сөз алып, өз тілектерін арнады.

Шарада спорт саласының дамуына елеулі үлес қосқан Жұбаныш Садырұлына қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі атынан арнайы алғыс хат пен төс белгі табысталды.

Айта кетейік, аталмыш турнир жыл сайын облыстық деңгейде Жұбаныш Жәрдемөвтің туған жері Бөкей Ордасы ауданында, ал қалалық деңгейде облыс орталығында ұйымдастырылып келеді. БҚО Қазақ күресі федерациясының вице-президенті Артур Шерғалиев келесі жылы дәстүрлі турнирді республикалық деңгейге көтеру көзделгенін айтты. Бұл – студенттердің «Спорт шеберлігіне үміткер» атағын қорғауларына үлкен мүмкіндік болмақ.

Гүлзінат ҚИБАТОВА



Тартысты бәсеке

28-31 қазан күндері университетімізде Жастар жылына орай дәстүрлі түрде 1-курс студенттері арасындағы спартакиада оздырылды.

Биылғы спартакиаданың басты ерекшелігі – қатысушылар тек 4 спорт түрінен бақ сынады. Сондай-ақ, «Лигионер әдісі» арқылы әр факультет спорт мамандығының 2 студентін қатарға қосудан ерекшеленді. 4 күнге созылған спартакиаданың нәтижесі бойынша «Баскетбол» спорт түрінен Филология факультеті жеңіс тұғырынан көрінсе, «Тарих, экономика және құқық» факультеті 2-орынды қанжығаға байлады. Ал «Педагогика» факультеті 3-орынға тұрақтады. «Шағын футбол» спорт түрі бойынша «Жаратылыстану-география» факультеті жұлделі 1-орынға, «Физика-математика» факультеті 2-орынға, «Тарих, экономика және құқық» факультеті 3-орынға ие болды. «Үстел теннисі» бойынша жұлделі 1-орынды «Филология» факультеті, 2-орынды «Физика-математика» факультеті, 3-орынды «Тарих, экономика және құқық» факультеті иеленді. «Волейбол» спорт түрінен 1-орынды «Мәдениет және өнер»



факультеті қанжығаға байласа, жұлделі 2-орын «Педагогика» факультетіне бұйырды. Үздік үштікті «Филология» факультеті түйіндеді. Жалпы есеп бойынша жұлделі 3-орын «Жаратылыстану-география» факультетіне бұйырды. Биылғы спартакиаданың вице-чемпиондары болып «Физика-математика» факультеті танылды. Ал көптен күткен спартакиаданың чемпионы атағын «Филология» факультеті иеленді. Сондай - ақ факультеттік фан-клубтар ішінен «Үздік фан-клуб» аталымын Филология факультетінің «FF Ultras» фан-клубы жеңіп алды.



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.
Таралымы 800.

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ, Асыл ҚҰРАМЫСОВА, Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Аида ОРАЗОВА, Назерке СҰЛТАНҒАЛИЕВА, Дария ДЖУМАҒАЛИЕВА, Гүлзінат ИБРАГИМҰЛЫ, Айкерем ҒАЗИЗ

КОРРЕКТОР: Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.: 50-41-46